

Әділетті Қазақстан

Халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ» дейді. Бабаларымыздың бұл өсиеті – Әділетті Қазақстандағы басты ұстанымның бірі. Біз татулық, теңдік және әділдік қағидаларына негізделген қоғам құрамыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



ТАЗАЛЫҚ КӨЛГЕ ДЕ КЕРЕК

4

ЖИЫН



ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

6

СӘН ӘЛЕМІ



ТАЛҒАММЕН КИІНУ ДЕ ӨНЕР

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.05.2023

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

14.05.2023

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+29 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №59 (6352) 13 мамыр, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АУДАНДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС КӨП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кезекті кездесуін өткізді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы ауданда атқарылып жатқан шаруалар туралы тұрғындарға есеп берді. Қысқаша баяндамадан соң әкім тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап беруге кірісіп кетті.

3

БРИФИНГ

ЖАСТАР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

«Алматы жастары» бағдарламасы аясында биыл 1100 жас алматылық қоныс тойын тойлайды



Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев пен «Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары Элизада Түретаеваның қатысуымен брифинг өтті.

4

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың CCTV телеарнасына сұхбат берді.
- Премьер-Министр Әлихан Смайылов орта бизнес өкілдерімен кездесті.
- Ақылбек Күрішбаев Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті болып тағайындалды.
- Мемлекет басшысы Жазушылар одағының құрылтай жұмысына сәттілік тілеп, Құттықтау хат жолдады.
- Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып Мереке Құлкенов сайланды.
- Елімізде Азия университеттері альянсының форумы ұйымдастырылды.
- «Алматы жастары» бағдарламасын жүзеге асыруға 20 млрд теңге бөлінді.
- Биыл әскер қатарына үш мың алматылық жіберіледі.
- «Отбасы банкі» аралық заем мөлшерлемесін өзгертеді.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан машина жасаушыларының XI форумына құттықтау жолдады.

«Бұл форум осы саланы өркендетуге ықпал ететін тың тәсілдер табуға арналған тиімді диалог алаңына айналды. Ел экономикасын әртараптандыру үшін инновацияға және озық технологияға негізделген өңдеу өнеркәсібін қарқынды дамыту өте маңызды. Осы стратегиялық мақсатқа жету жолында машина жасау өндірісі айрықша рөл атқарады. Былтыр бұл салада жалпы құны үш триллион теңгеден асатын өнім өндірілді. Тауар түрлері, экспорт көлемі көбейді. Мыңдаған жұмыс орны ашылды. Бұған кәсіпорын ұжымдарының қажырлы еңбегі, мемлекеттің орнықты саясаты және ауқымды қолдау шаралары зор септігін тигізді. Біз машина жасау өнеркәсібіне инвестиция салуға қолайлы жағдай жасап, оның бәсекеге қабілетін арттыруымыз керек. Сол үшін менің тапсырмаммен Кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Онда көрсетілген іс-шаралардың табысты жүзеге асырылуы осы саланың тың қарқынмен дамуына және еліміздің өркендеуіне барынша ықпал етеді деп сенемін. Өз өндірісімізді жандандыру, терең өңделген өнімдерді көбірек шығару және біртіндеп сыртқы нарықтарға шығу – біздің басты міндетіміз. Сіздер бұл міндетті абыроймен орындай алатындарыңызға сенімдімін», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында сенаторлар Халықаралық келісімді ратификациялау туралы заңды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында Сенат депутаттары «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Құжатта көрсетілген нормалар тиісті түйткілдерді, оның ішінде интернет-ресурстардағы мәселелерді де реттеуге арналған. Заңды қабылдаудың негізгі мақсаттарының бірі – авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ, осы бағыттағы тәжірибемен және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасу.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың қатысуымен өткен Қазақстан машина жасаушыларының XI форумында машина жасау саласының алдында тұрған сын-қатерлер мен саланы одан әрі жан-жақты дамыту шаралары талқыланды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

«Өңдеу өнеркәсібінің локомотиві болып табылатын отандық машина жасау саласының дамуы Үкіметтің ұдайы назарында. Өткен жылы машина жасау саласындағы өндіріс көлемі 9,4%-ға артса, осы жылдың 4 айының қорытындысы бойынша 36%-ға өсіп отыр», – деді Әлихан Смайылов. Спикер машина жасау өнімдерінің Қазақстандағы ішкі сұранысы \$23 млрд-ты құрайтынын, бүгінде оның \$3,1 млрд-ы ғана отандық өндіріспен қамтылып отырғанын айтты. Сондықтан импортты алмастырудың есебінен машина жасау өндірісін ары қарай дамытуға күш салу қажеттігін атап көрсетті.

■ ҰБТ

ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы негізгі ҰБТ-ның алдында тегін байқау сынақтарының базасын жасап отыр. Тестілеу онлайн форматта орталықтың сайтында жүзеге асырылады, деп хабарлады ведомство.

Байқау сынағы оқуға түсушілерге ҰБТ-ға дайындалуға көмек ретінде әзірленді. Талапкерлерге ҰТО сайтында тегін онлайн тестілеуден өту мүмкіндігі беріледі. Ол үшін тестіленушілерге ЖСН теріп, бейіндік пәндердің комбинациясын тандап, байқау сынағына кірісу қажет. Негізгі ҰБТ-ға өтініш қабылдау 14 мамырға дейін жүргізіледі. Тестілеудің өзі 16 мамыр мен 5 шілде аралығында өтеді. Талапкерлер ҰБТ-ны 2 рет тапсырып, ең жақсы нәтижемен грант конкурсына қатыса алады. Талапкерлердің негізгі ҰБТ-ға дайындығын жақсарту мақсатында былтыр әр пән бойынша жеке тақырыптық талдау енгізілді. Яғни әр ҰБТ-дан кейін (қаңтар, наурыз) түлектерге жеке тақырыптар бойынша білімдерін арттыру ұсынылады. Сонымен қатар, негізгі ҰБТ-ның бірінші мүмкіндігін тапсырғаннан кейін олар екінші мүмкіндікке дейін дайындықтарын жақсартуға алады.

■ МИНИСТРЛІК

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Мемлекеттік еңбек инспекторлары республиканың 426 кәсіпорында 13,6 мың жұмыскердің алдында 2,6 млрд теңгеден астам сомаға жалақы бойынша берешекті анықтады, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Осы кәсіпорындардың басшыларына орындалуы міндетті 445 нұсқама беріліп, 64,6 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды. Қабылданған шаралар, соның ішінде жалақы бойынша берешекті өтеудің қатаң кестелері мен мерзімдерін белгілеу нәтижесінде 11,4 мыңнан астам жұмыскердің құқықтары қорғалды. Оларға 2,1 млрд теңге төленді.

■ ФОРУМ

Абу-Дабиде ұйымдастырылған «Толеранттылық үшін дүниежүзілік үкіметтердің инкубаторы» атты форумда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен БАӘ Толеранттылық және қатар өмір сүру министрлігі меморандумға қол қойды.

Меморандум қоғамдағы толеранттылық пен келісім құндылықтарын насихаттауды көздейді. Атап айтқанда, жастардың бойында толеранттылықты қалыптастыру; діни экстремизмге қарсы күрес; адами құндылықтарды ілгерілету мәселері бойынша біріге жұмыс істеу жайы қаралған. ҚР АҚДМ баспасөз қызметі хабарлағандай, бірнеше елдің салалық ведомстволары қатысқан жиында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі сөз сөйледі. Министр толеранттылықты насихаттаудағы массе медианың маңызы ерекше екеніне тоқталды. «Медида араздық тілінің қолданылмауын қадағалап, керісінше, елді бірлікке, татулыққа үндеу, халықты рухани жақындастыруда ақпарат құралдарының рөлі зор. Бүгінгі конференция да осы мақсаттың орындалуына өз үлесін қосады деп сенемін және ұйымдастырушыларға алғыс айтамын», – деді Дархан Қыдырәлі.

■ АГРОӨНЕРКӘСІП

Еліміздің 11 өңірінде салынатын 65 сүт-тауар фермасының құрылысы 2023 жылға арналған АӨК саласындағы Үлкен жоба пулына енді.

Үлкен жоба мақсаты – негізгі азық-түлік өнімдерін өндіретін зауыттар құрылысының жобаларына жеңілдікпен несие беру бойынша Солтүстік Қазақстан облысының он тәжірибесін тарату. Осы механизм арқылы 2 жыл ішінде Солтүстік Қазақстан облысында 21 сүт-тауар фермасы салынды. Нәтижесінде, бүгінде шамамен 648 мың тонна сүт немесе ел бойынша өндірістің 10,3%-ы Солтүстік Қазақстан облысы өндіреді. 5 жылға есептелген Үлкен жоба сүт-тауарлы фермалар (400 бастан), көкөніс қоймалары (1000 тоннадан), ет бағытындағы құс фабрикалары (жылына 5000 тонна ет), балық өсіру, суармалы егіншілік жобаларын қамтиды. Бірінші кезеңде, 2023 жылы жобаны жүзеге асыруға 100 млрд теңге бөлінді. Бұл қайтарымды қаржыға 65 сүт-тауар фермасы салынады. Үлкен жобаны жүзеге асыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар дайын. Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру қағидалары мен Үкіметтің тиісті қаулысы қабылданғаннан кейін әкімдіктер сенімді агентті таңдап, жеңілдікпен қаржыландыру жобаларын іріктеу үшін конкурстық комиссия құра алады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ҚҰРМЕТ

ӘКЕ, БАЛА ЖӘНЕ НЕМЕРЕ

Ғылым мен өнерде ізі қалған Сарыбаевтар әулетіне мегаполис төрінде мемориалдық тақта орнатылды



Тарихты тұлғалар жасайды. Алматы төрінде қазақ тіл білімінің шырақшысы Шора Сарыбаев, қазақ ұлттық музыка аспаптарының насихатшысы болған Болат Сарыбаев және қазақ музыкасының белді өкілі болған ақын-сазгер Талғат Сарыбаев тұрған үйге ескерткіш-тақталар орнатылды. Ашылу салтанатына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қала басшысы салтанатқа жиналған қауым алдында сөйлеген сөзінде Шора, Болат және Талғат Сарыбаевтардың құрметіне мемориалдық тақталардың ашылуы Алматы үшін маңызды мәдени оқиға екенін айтты. Ерболат Досаев олардың әрқайсысының елді ғылыми, мәдени байытуға және ағартуға қосқан зор үлестерін атап өтті.

Құрмет көрсетіліп отырған тұлғалар – қазақ тарихында ғылыми ағартушы, кемел әдебиетші ретінде көрнекті ізі қалған Шамғали Сарыбаевтың тікелей ұрпақтары. Иә, «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген рас. Мемориалдық тақталардың ашылуы алдында Қазақ ұлттық консерваториясында ағартушы ғалым, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы, қазақ ауызша халық шығармашылығын жинаушы, Шора мен Болат Сарыбаевтардың әкесі – Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «Ғұлама» деректі фильм көрсетілді. Онда әкенің жүріп өткен жолы, ғылымдағы еңбегі, адамдық келбеті, отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі рөлі туралы шәкірттері, ұрпағы әдемі естеліктер айтады.

Ұлы Шора Сарыбаев та әке жолын жалғап, ғылымға түрен салған болатын. Лингвист-ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері диалектология, морфология, лексикология, лексикография, библиография, тіл тарихы, аударма, есімнама, алтаистика мәселелеріне арналды. 250-ден астам ғылыми мақала мен оқулықтары, монографиялары жарық көрген.

Екінші ұлы Болат Сарыбаев болса, қазақтың сыбызғы, сазсырнай, жетіген, үскірік, шертер, шаңқобыз, дабыл, даңғыра сынды көне музыкалық аспаптарын зерттеумен шұғылданды. Белгілі ғалым, музыкатанушы және коллекционер ұлттық музыкалық аспаптардың бай мұрасын сақтап қалды. Оның коллекциясында төрт жүзге жуық экспонат бар. Олардың барлығы бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде сақтаулы.

Ал Болаттың ұлы – Талғат Сарыбаев әкесінің жанында жүріп, сол кісі жинаған аспаптарда ойнап, музыка бағытындағы білімі мен тәжірибесін шыңдаған. «Арай»,

«Жетіген», «Гүлдер» сынды танымал вокалды-аспаптық ансамбльдердің құрылуына себепші болған да – Талғат Сарыбаев. Ол талай әншінің сахнадағы жолын ашқан. «Өткен күндер», «Қоштасу», «Менің досым», «Отандастар», «Старый телефон», «Наурыз-думан», «Гавань моей любви» әндерінің авторы. Жыл сайын кеңінен аталып өтетін Наурыз мерекесі Роза Рымбаеваның орындауындағы «Наурыз-думан» атты әнінсіз өтпейтіні тағы бар.

Ескерткіш тақталар қаланың тарихи орталығында – Абылай хан даңғылы, 113 мекенжайдағы үйдің қабырғасына орнатылды. Мұнда Сарыбаевтар әулетінің өкілдері әр жылдары өмір сүрген.

– Бұл үйде ұлы композиторлар Ахмет Жұбанов және қызы Ғазиза Жұбанова, театр өнерпазы Әзірбайжан Мәмбетов, ғұлама ғалымдар Нығмет Сауранбаев пен Зейнолла Қабдолов, әнші Ермек Серкебаев, қаламгер Жұмағали Смағұлов, радио мен теледидар саласының басшысы Хамит Хасенов тұрған, – деді Ш.Сарыбаевтың ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Қайрат Сарыбай.

Ескерткіштің ашылу салтанатында адам қарасы аз болмады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық артисі:

ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ
ЛАЙЫҚТЫ

Талғат менің өмірімде музыкант, композитор ретінде үнемі бірінші орында тұрады. Міне, 50 жыл бойы Талғаттың әндерін орындап келемін. Сондықтан оның әндерімен мен де, тыңдармандарым да бірге өсіп келеді деп білемін.

Талғат қарапайым халық әндерін байытып, жоғары деңгейге көтеріп, үлкен гармония, жаңа аккордтар әкелді. Ол сахнада жүрген музыканттарды тәрбиелеп кетті. Талғаттың репертуарындағы ең танымал «Наурыз-думанын», міне, 34 жыл бойы үзбей орындап келе жатырмын. Талғат өте жоғары білімді музыкант, сазгер еді. Мен Талғаттай интеллигент, жоғары мәдениетті адамды кездестірмедім. Талғат пен Тасқын мен үшін үлкен еңбек етті. Сол екеуі болмаса, мен бүгін сіздердің алдарыңызда осылай тұрар ма едім, тұрмас па едім! Талғаттай азаматын қадірлей білген, күткен, қараған жұбайына да ілтипатымды білдіргім келеді. Талғат Сарыбаев қандай құрметке де лайықты.

Суреттерді түсірген Samat СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ӘКІМ

АУДАНДА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС КӨП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кезекті кездесуін өткізді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

56 ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУДА

Алматының Наурызбай ауданында 56 трансформаторлық қосалқы станция жаңаруды. Қала әкімі Ерболат Досаев айтуынша, 21 жаңа қосалқы станция орнатылып, 114,5 км электр желілері мен 35 трансформаторлық қосалқы станция жаңғыртылады. Электр желілерін жаңғырту «Шұғыла», «Ақжар», «Таусамалы», «Құрамыс», «Рахат», «Қарағайлы» және «Қалқаман» шағынаудандарын қамтиды. Бұл тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге және авариялық ажыратуларды азайтуға мүмкіндік береді. Жұмыс мамыр айының соңында басталып, жыл соңына дейін жалғасады.

ТҰРҒЫНДАР АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Наурызбай ауданында тұрғындарды сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарылды.

«Ақжар» шағынауданының 35 мың тұрғынын ауызсумен қамтамасыз ету үшін Ақсай негізгі су көзінің құрылысы аяқталғанға дейін осы жылдың наурыз айында Алатау даңғылы мен каскадты сорғы станциясы бойынша магистральдық су құбырының құрылысын бастадық. Бұл жобаны маусым айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап

отырмыз», – деді әкім. Қала басшысының айтуынша, «Ақжар», «Қарағайлы», «Тастыбұлақ» және «Таусамалы» сияқты 4 шағынауданда сумен жабдықтау және кәріз желілерін жобалау жұмыстары жалғасуда. Нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін 335 км сумен жабдықтау және кәріз желілері салынады.

200 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биылдан бастап жолдарды ағымдағы жөндеуді аудан әкімдіктері жүргізуде. Алматының Наурызбай ауданының барлық шағынаудандарында 200 көшені қамтитын 55 мың м² жолды жөндеу жоспарлануда. Шаһар басшысы Ерболат Досаев биылдан бастап жолдарды ағымдағы жөндеуді аудан әкімдіктері жүргізіп жатқанын атап өтті. Әкім атап өткендей, биыл жолдарды жөндеуге бөлінген сома 500 млн теңгеге дейін ұлғаяды. Сонымен қатар, Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамыр айында «Ақжар» және «Шұғыла» шағынаудандарында 25 көше бойынша 6 км жол салына бастады. «Ақжар», «Қалқаман», «Таусамалы», «Шұғыла» шағынаудандары мен «Абай» саяжайларындағы 10 көшеге 3 тротуар жасалды. Сондай-ақ, 16 көшедегі 14 км жолға орташа жөндеу жұмыстары басталды. Жұмыстарды аяқтау 2023 жылдың қараша айына жоспарланған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР КӨБЕЙЕДІ

Қоғамдық көліктің қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында биыл Алматы әкімдігі қосымша 600 жаңа автобус сатып алды. Қала әкімінің айтуынша, «Алматыэлектротранс» ЖШС тасымалдаушысы Наурызбай ауданының 6 бағытында жылжымалы құрамды жаңартады (№44, 55, 115, 137, 118, 212). Бүгінде оларға 83 бірлік тартылған, көп ұзамай олардың саны 108 бірлікке дейін артады.

ЖАҢА МЕКТЕПТЕР САЛЫНАДЫ

Алматы қаласының Наурызбай ауданында 6 жаңа мектеп, оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 7900 орынды 5 мектеп салынады. Әкімнің айтуынша, бұл ауданда тұрғын үй салудың қарқынын ескере отырып, оқушы орындарының тапшылығын қосымша төмендету мақсатында білім ошақтары салынып жатыр. Құрылыс-монтаж жұмыстары қыркүйек айында басталып, 2024 жылдың екінші жартысында аяқталады. Сондай-ақ, шілде айында «Шұғыла» шағынауданында №174 мектепке 375 оқушы орнына қосымша құрылыс басталады. Ал балалар қосымша білім алуы үшін ауданда көпсалалы инновациялық шығармашылық

орталықтың құрылысы аяқталды. Бұл 5 мыңнан астам баланы қосымша оқытумен қамтуға мүмкіндік береді.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Алматының Наурызбай ауданында адамдар көп жиналатын орындарда қосымша 900 видеомониторинг камерасы орнатылады. Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, бұл видеобақылау жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында жасалады. «Жол қауіпсіздігін жақсарту мақсатында ағымдағы жылдың I тоқсанында ауданның магистральдық көшелерінде 19 «Сергек» АӨК орнатылды», – деді әкім.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ҚАРЖЫСЫ КӨБЕЙДІ

Наурызбай ауданына әкімдіктен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға қосымша 875 млн теңге бөлінді. Қосымша қаржыландыру туралы шешімді қала әкімі Ерболат Досаев осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып қабылдаған болатын. «Қаланың барлық 8 ауданына қосымша 7 млрд теңге бөлінді. Осылайша ауданда 2,7 млрд теңгеден астам сомаға 67 жобаны, оның ішінде қоғамдық кеңістікті абаттандыру, жол инфрақұрылымы және сыртқы жарықтандыру желілерін салу жобаларын іске асыру жоспарлануда», – деді қала басшысы аудан тұрғындарымен кездесу барысында.

ТҮЙІН:

Аудан әкімі Санжар Тоғай мырза басқаратын Наурызбай ауданы Алматыдағы қарқынды дамып келе жатқан аудандардың бірі. Мегаполистегі өзге аудандармен салыстырғанда жас аудан болғандықтан жол, инфрақұрылым, ауызсу, тұрғын үй, білім, денсаулық және басқа да салаларда шешімін күтіп тұрған мәселелердің болатыны заңды. Қала әкімі жиынға келген әр тұрғынның сұрағына толыққанды жауап беріп, мәселесін мұқият тыңдады. Наурызбай ауданы тұрғындарының әр сала бойынша туындаған мәселелерін шешу үшін тиісті басқармаларға тапсырма берді. Қордаланған мәселелер біртіндеп шешімін табуда.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев өз баяндамасынан кейін дәстүрлі түрде сұрақ-жауап сессиясына көшті.

Алғашқы сұрақ қойған тұрғын мемлекеттік төлем мәселесін көтерді.

– Жаңа метро станциясын салуға байланысты Әшімовтен төмен қарай Наурызбай ауданындағы жерлерімізді әкімшілік сатып алып жатыр. Соған былтыр бағалау жұмыстарын жасап, желтоқсан айында ақшаларыңызды аласыздар деген еді. Бірақ ол кезде бермеді. Сосын көктемде деді, ол да болмады. Осы жақында тағы да бағалау жұмыстары жасалды. Енді мамырдың 10-ы деп еді, тағы жоқ. Сізден сұрайтынымыз – осы мәселені тезірек шешіп берсеңіз, – деді тұрғын.

Бұл сұраққа Жер қатынастары басқармасының басшысы жауап берді.

– Өткен аптада бағалау жұмыстары жүргізілді. Енді әрқайсыңызды жеке шақыратын боламын. Тиісті шартқа қол қоясыздар. Одан кейін құжаттар қаралады, – деді.

Шаһар басшысы метроға байланысты сатып алынатын жерлердің ақшасын мамырдың соңына дейін төлеу жоспарланғанын да айтты.

– Аға, қаражат бар. Маған енді қол қойған қағаздар керек. Одан кейін бірден төлем жасалады. Мен алдында мамыр айының соңына дейін сатып алатын жерлердің сұрақтарын шешіңдер деп тапсырма бергенмін, – деді Е.Досаев.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫНЫҢ ШЕШІМІ БАР

Келесі тұрғын жеке бастамасына байланысты қала әкімінен көмек сұрады.

– Мен бір мәселеге қатысты сіздермен үшінші рет кездесіп отырмын. Былтыр мамырдың 16-сы және тамыздың 18-інде кездесіп, өзіміздің жеке бастамамыз – мүгедектігі бар балалар үшін үй салу ниеті туралы айтқанбыз. Бірақ бір жылдан бері құжаттармен жүгіріп жүрміз. Барлық құжаттарды дайындауға тырыстық. Өкінішке қарай, 1 жылдың ішінде барлығын аяқтай алмадық. Құрылыс жұмыстары әлі басталмады. Оны «Ақжар» ықшамауданы, №200 мектепке қарама-қарсы, өзіміздің жеке жерімізде салу жоспарланған. Қалада жақсы жобаларды жүзеге асырып отырғанын біліп, Наурызбай ауданында «Тең қоғам» орталығын ашу керек екенін түсіндік. Соған байланысты бүкіл жер аумағына тек қана мүгедектігі бар тұлғалар тұратын тұрғын үй емес, онымен қоса олардың күндізгі болуына қатысты құжаттарымызды реттедік. Бірақ өкінішке қарай, әлі күнге дейін құжаттарымыз бітпеді. Соған қандай қолдау болады? Жаз кезінде құрылысымызды бастап, қысқа дейін бітірсек жақсы болар еді, – деді тұрғын.

Қала басшысы әлеуметтік осал топтарға әкімдік арнайы көмек беретінін айтты.

– Мүгедек балаларымызға әкімдік арнайы көңіл бөледі. Жыл сайын тек қаражатқа байланысты емес, басқа да жаңа бағдарламалар ашып жатырмыз. Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Тілеуханұлына құжаттарыңыздың көшірмесін беріңіз. Мәселеніңізді тағы да тексереміз, – деді қала әкімі. Шаһар басшысының жауабына байланысты тұрғын:

– Ерболат Асқарбекұлы, «Тең қоғамды» аудандарға бөліп бергеніңізге рахмет. Мен сіздерден талап етіп отырған жоқпын. Мен керісінше, сіздермен жұмыс істеуге дайындығымызды білдіріп отырмын, – деді.

– Біз 3 рет «Тең қоғам» жобасын жарияладық. Бірақ бірде-бір адам шықпады. Енді қазіргі таңда тағы бір рет жарияланды. Енді сізге көмек көрсетіп, ары қарай бірге жұмыс істеуге дайынмын, – деді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Нәзира Тоғызбаева.

Өз кезегінде сұрақ қойған тұрғын баспана мәселесін қозғады.

– Мен әділдік іздеп келдім. Наурызбай ауданында жалдамалы пәтерде тұрып жатқанымда 20 жылдан асты. 2010 жылы мен өз қамқоршылығымға қайтыс

болған әпкемнің баласын алып, асырап алғанмын. Енді өзімнің екі қызым мектеп бітірейін деп отыр. Ал менің тұрып жатқан жалдамалы жерім – контейнер. Осы уақытқа дейін бірде-бір мәселе шешілген жоқ. Үйге кезекке тұру үшін қалада тіркеуде 3 жыл тұру керек екен. Күттік, тұрдық. Бірақ қашанға дейін «Ұлы дала квартиранттары» болып қаңғып жүруім керек? Қашан шешіледі? – деп шағымданды тұрғын.

– Үйге кезекке тұрсаңыз, сол кезек бойынша аласыз. Басқа жолы жоқ. үкіметтен берілетін көмекті тек заң бойынша бере аламыз. Электрондық кезегіміз бар. Әр адам өзінің кезегін біледі. Сіз көпбалалы ана, не өзге әлеуметтік топқа жатпайсыз, кезектің алдына кіргізе алмаймын. Қалада 2 миллион 200 мың адам тұрады. Асырап алған балаңыз болса, заң бойынша көмек береміз. Заңда бәрі жазылған. Қалада пәтерлердің 20 пайызын жетім балаларға бөлеміз. Биыл 420 пәтер берейін деп жатырмыз, оның 85 пәтері осы санаттағы балаларға беріледі. Сіздің баспана туралы сұрағыңызды дәл қазір мен шеше алмаймын, – деп жауап берді Е.Досаев.

Әзірлегендер
Айнұр СЕНБАЕВА,
Досбол АТАЖАН.



ТАҒАЙЫНДАУ

ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНА
ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы
әкімінің өкімімен
Туризм басқармасының
басшысы болып Галия
Еланқызы Токсеитова
тағайындалды.

Галия Токсеитова 1991 жылы 15 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірген.

Г.Е.Токсеитова Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі болып табылады.

Еңбек жолын 2013 жылы Алматы қаласы Қаржы басқармасының бас маманы қызметінен бастаған.

2016–2019 жылдары Алматы қаласы қаржы басқармасының кірістерді орындау, қарызға қызмет көрсету және кредит беру бөлімін басқарды.

2019 жылдан бастап күні бүгінге дейін Алматы қаласы мемлекеттік активтер басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

ТҰРҒЫН ҮЙ

ЖАСТАР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

«Алматы жастары» бағдарламасы аясында биыл 1100 жас алматылық қоныс тойын тойлайды



Айнұр
СЕНБАЕВА

(Басы 1-бетте)

«Алматы жастары» бағдарламасына өтініштерді қабылдау 15 мамырда басталып, 31 мамырға дейін жалғасады. Тұрғын үй бағдарламасының әлеуетті қатысушылары almaty-zhastary.kz сайтында онлайн өтініш бере алады. Ол үшін үміткерлерге ЭЦҚ қажет.

Алматы әкімдігі мен «Отбасы банкінің» бірлескен жобасына 35 жасқа дейінгі алматылықтар қатыса алады. Өтініштер Алматы қаласындағы мемлекеттік республикалық және қалалық ұйымдарда жұмыс істейтін азаматтардың келесі санаттарынан қабылданады:

- Дәрігерлер мен медбикелер;
- Мұғалімдер мен тәрбиешілер;
- Әртістер, жазушылар, суретшілер, композиторлар, мәдениет саласының қызметкерлері;
- Жаттықтырушылар мен спортшылар;
- Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері;
- Әлеуметтік сала қызметкерлері.

лері мен қалалық коммуналдық қызмет мамандары;

- Құқық қорғау органдарының қызметкерлері (ҚР ІІМ, ТЖД, қалалық прокуратура, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Экономикалық тергеу департаменті);
- Журналистер мен БАҚ қызметкерлері (мемлекеттік және коммерциялық).

Almaty-zhastary.kz сайтында өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы үміткерлердің жиналған ұпайлары бойынша қатысушыларды іріктейді. Ұпай санына некеге тұрған жылдары, балаларының болуы, кәсібі бойынша үздіксіз еңбек өтілінің ұзақтығы, халықтың әлеуметтік осал топтарына жатуы әсер ететін болады. Үміткер тізімі құрылғаннан кейін олардың барлығы төлем қабілеттілігін растау үшін «Отбасы банкіне» жолдама алады. Банк қатысушыға заем алу туралы оң шешім шыққан күннен бастап баспана іздеуге 45 күнтізбелік күн уақыт береді. Пәтерді Алматы қаласындағы алғашқы немесе екінші нарықтардан, сондай-ақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ кепілдігі бар нысандардан сатып алуға болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ҚЫРЫҚБАЕВ, Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы:

— «Алматы жастары» бағдарламасының бір ерекшелігі, қатысушыларға бастапқы және екінші нарықтан тұрғын үйді өз бетінше таңдауы үшін төмен пайыздық мөлшерлемелен тұрғын үй несиелері беріледі. Айта кетсек, 2022 бағдарламасы бойынша 1097 отбасы баспанаға ие болды. Үміткерлердің ресми жұмыс өтілі Алматы қаласында соңғы жарты жылдан кем болмауы тиіс. Сондай-ақ, бағдарлама қатысушысы және оның отбасы мүшелерінің атында соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы тиіс.

Элизада ТҮРЕТАЕВА, «Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалы директорының орынбасары:

— «Алматы жастары» бағдарламасы 2017 жылы басталған болатын. Осы уақыт аралығында «Отбасы банк» қала басшылығымен бірлесіп 3393 жас азаматты 52,5 млрд теңгеге баспанамен қамтамасыз етті. Биыл бағдарламаны жүзеге асыруға 20 млрд теңге бөлінді, оның 17 млрд теңгесі қалалық бюджеттен, 3 млрд теңгесі «Отбасы банкінен». Бұл қаражат 1100 алматылық тұрғынның баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Банк тұрғын үй сатып алуға 18 млн теңгеге дейін заем бере алады (егер мүліктің құны 18 млн теңгеден жоғары болса, онда айырмашылықты қатысушы өз қаражаты есебінен төлей алады). Алғашқы жарна кемінде 10% болуы керек. Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі 5% (ЖТСМ 5,2%) болады. Несиені 25 жылға дейін алуға болады.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТАЗАЛЫҚ КӨЛГЕ ДЕ КЕРЕК

Сайран көлінің түбі тазартылып, аумағы абаттанады



Суретті түсірген Самат СЕРКЕБАЙҰЛЫ.

Алматы қалалық Экология және қоршаған орта басқармасының басшылығымен ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап Сайран су қоймасында механикалық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Су қоймаларының түбін құрғату үшін оларды сумен қамтамасыз ететін Есентай, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің ағысы тоқтатылды.



Айнабай
МӘДИ

Сайран су қоймасының түбі соңғы 50 жылдан бері алғаш рет тазартылуда. Қоқыс пен лайдан тазалау жұмыстарына 4 экскаватор мен 30 жүктүсіргіш (самосвал) көліктері жұмылдырылды. Жобалық ауданы 60 гектар аумақтан 140 мың текше метрден астам қоқыс пен лай шығарылды. Шыққан лай-балшық ештеңеге жарамсыз болғандықтан, арнаулы полигонға апарылып төгілуде. Тазарту жұмыстарын жакын күндері аяқтау жоспарланып отыр.

— Бұл жұмыстар аталған

көлдің қоршаған ортаға қат-қабат зиянын тигізуінен, жағымсыз иістің әсерінен бактериялардың пайда болуынан соң басталды. Көл табанының жоғары бөлігінен жарты метрге (кей тұста 30–40 см) дейінгі аралықтағы саз-балшық қабаты сылынып алынды. Бүгінде, негізінен алғанда, механикалық тазарту аяқталды. Биыл сондай-ақ, Қарасу мен Әуежай көлдерін экологиялық тазалау жұмыстары жүреді. Мұнымен қатар, басқарма Сайран көліне қарасты жағалау маңын көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жобалауды қарастырмақ, — деп мәлімдеді жиылған журналистерге Алматы қалалық Экология

БРИФИНГ

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Биыл 3000 алматылық мерзімді әскери борышын өтеуге аттанады

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі брифингінде Алматы қаласы Алматы ауданы Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының басшысы, полковник Айдар Мүсірепов айтты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спикердің айтуынша, қазіргі таңда Алматыдан 760 ер азамат мерзімді әскери борышын өтеуге аттанған.

«Бүгінгі күні Алматыда ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заң мен Президент жарлығына сәйкес көктемгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Биыл Алматы қаласынан 18–27 жас арасындағы 3 мың азамат әскери борышын өтеуге жіберіледі. Олар ҚР Қарулы күштері, ҰҚК Шекара қызметі, Мемлекеттік күзет қызметі, Төтенше жағдайлар министрлігі мен Ұлттық ұлан қатарын толтыратын болады. Бүгінгі күні 760 алматылық әскери борышын өтеуге аттанып кетті», — деді Айдар Мүсірепов.

Спикер, сондай-ақ, Алматыда көктемгі әскерге шақыру мерзімі



1 наурыз – 30 маусым аралығы, ал күзгі шақырылым 1 қыркүйек – 31 желтоқсан аралығында болатынын жеткізді. Брифинг барысында әскери борышын өтеген сарбаздарға арналған жеңілдіктер бар екені айтылды.

Спикердің мәліметінше, әскери қызметшілер үшін Қорғаныс министрлігі жоғары оқу орындарына түсу бойынша жеңілдіктерге бастама жасаған. Олар әскери қызмет өткерген және орта мектепті бітіргені туралы аттестаты немесе техникалық, кәсіптік, орта немесе жоғары білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар адамдарға қатысты.

Қызметін аяқтаған сарбаздар ақылы негізде ҰБТ-ны есептемегенде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемесіне түсу құқығына ие болады. Мерзімді әскери қызмет кезеңінде

және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Сергей Герасименко.

Көл жағалауын абаттандыру демекші, бұл аумақ 47 гектар жерді алып жатыр. Бұл көлдің шығыс (Алмалы) және батыс (Әуезов) бөлігіне қарасты аумақты қамтиды. Аталған басқарманың Су ресурстары бөлімінің қызметкерлері, жобалық жұмыстарды жүргізуші компания, мердігерлік ұйым өкілдері тілшілерге жұмыстың жағдайын тәптіштеп түсіндірді.

Маусымның соңына дейін Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан Шевченко көшесіне дейінгі бөлігін механикалық тазартуды аяқтау жоспарлануда. Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан Рысқұлов даңғылына дейінгі аралығындағы кейбір бөліктеріне күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге бюджеттік өтініш берілді.

Бүгінде Үлкен Алматы өзенінің №1 тұндырғыштан Абай даңғылына дейінгі бөлігін айналасын абаттандыру және реконструкциялау жұмыстары әзірленуде. Өзен арнасын тазарту жұмыстары қарастырылған жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сондай-ақ, Үлкен Алматы өзенінің №1 тұндырғыштан Абай даңғылына дейінгі бөлігін, Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан төменгі кей бөлігін, Есентай өзенінің «Дорожник» ықшамауданы мен «Өндірістік база» маңы бөліктері, Кіші Алматы өзенінің әл-Фараби даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейінгі абаттандырылған бөлігін санитарлық тазарту, күтіп ұстау жұмыстары жүргізіп жатыр.

жауынгерлік даярлықта жоғары нәтижелерге қол жеткізген қосалқы (запасқа шығарылған) үлгілі жауынгерлерге ҰБТ-сыз, сонымен қатар ЖОО есебінен де оқу құқығы беріледі.

Спикердің айтуынша, оқуға түсу кезінде әскери кафедра емтихансыз тегін білім ала алады. Іріктеу мерзімді әскери қызмет атқарған және қызмет барысында жақсы нәтиже көрсеткен әскери қызметшілер қатарынан өткізіледі.

Жастарға жеңілдіктер алу үшін ХҚКО-ларда берілетін мерзімді әскери қызметті өткеру туралы анықтаманы және әскери билеттің көшірмесін қоса отырып, ЖОО-ға құжаттардың тізімін ұсыну жеткілікті.

Бүгінде еліміз бойынша 3 мыңға жуық грант бөлінді. Бұл бастамаға 70-ке жуық ЖОО қосылған.

Брифинг соңында Айдар Мүсірепов жастардың әскерге деген қызығушылығын қалай арттыруға болатынын жөнінде айтып берді. Оның айтуынша, қолданылатын шаралар өте ауқымды. Мысалы, несиесі бар мерзімді қызмет сарбаздары «несиелік демалыс» деп аталатын үзіліс алады, қызмет ету мерзімі барысында төлеу кейінге қалдырылады. Жаңа жоба Қорғаныс министрлігінде бастау алды. Бұл ведомствоның пікірінше, мерзімді әскери қызмет өткерудің беделін арттырады.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨСІМДІК МАЙЫНЫҢ ӨНДІРІСІ

Алматыда Қазақстанның май өнеркәсібі саласының көшбасшылары кездесті

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

International Almaty қонақүйінде «FOC: Fats and Oils Conference – 2023» май және тоң май өнеркәсібі көшбасшыларының екінші халықаралық конференциясы өтті.



Қазақстанның майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің Ұлттық қауымдастығы ұйымдастырған іс-шараға май өндірісі саласының көшбасшылары – «Масло Дел» ЖШС, «Май» АҚ, «Altyn Shyghys» ЖШС, т.с.с. ірі компания

өкілдері мен сала мамандары қатысты. Онда ішкі және сыртқы нарықты қазақстандық май өнімдерімен қамтамасыз ету, аталмыш саланы дамытудағы басты кедергілер мен өзекті мәселелер талқыланды.

Конференцияның мақсаты – май өнеркәсібі саласының нарықтағы жағдайын талқылау, қауіптер мен мүмкіндіктерді анықтай отырып, ішкі және сыртқы нарықтардағы отандық май өнімдерінің позициясын нығайту, танымалдылығын арттыру. Сондықтан бүгінгі май саласы өкілдерінің бір алаңда басқосуы өте маңызды. Мұндай іс-шаралар мемлекетіміздің май саласын дамытуға оң әсер ететініне және әріптестік қатынастарды жолға



қоюға, сондай-ақ қазақстандық брендті жаһандық нарықта дамытуға ықпал етеді.

– Біздің еліміз майлы дақылдарды өндіруші ретінде өз позициясын сенімді қадамдармен нығайтып отырғанын баса айтқым келеді. Бұл сала халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуде елеулі үлес қосуда және импортты алмастыру бағдарламасын іске асыру әлеуетін сақтауды жалғастыруда. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, қайта өңдеушілердің бірлескен күш-жігерінің, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың арқасында ел соңғы жылдары майлы дақылдар өндірісін едәуір ұлғайтты. Бүгінде қайта өңдеу секторы белсенді дами бастады. Май өнімдерінің бұрынғы порты өсті, – дейді Қазақстанның майлы дақылдарды қайта өңдеушілер Ұлттық

қауымдастығының төрағасы Ядыкар Ибрагимов.

Спикердің айтуынша, елімізде май және май өнімдерінің жалпы экспорт үлесі 90 пайызды құрайды. Сатып алушы мемлекеттердің көшін Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан және Ауғанстан елдері бастап тұр. Мәселен, тек 2022 жылдың өзінде Қазақстан құнбағыс майының экспорты 20 елдің, оның ішінде Еуропалық одақтың 6 елін қамтыған.

– Құнбағыс майын Өзбекстан, Қытай, Тәжікстан, Ауғанстан сатып алады, сондай-ақ, геосаяси жағдайларға байланысты өткен маусымда экспорт географиясын кеңейтіп, отандық өнімді Түркияға, Иранға және Еуропа елдері қолдана бастады. Сондықтан Қазақстан Орталық Азия, ҚХР, Ауғанстан және

басқа елдер үшін май өндірісі шикізатының жалғыз көзі болып қала береді, – дейді сарапшы.

Қазақстандық өндірушілердің алдында тұрған үлкен мәселенің бірі – логистика. Мамандардың айтуынша, Өзбекстан, Ресей мен Қытай және Балтық елдеріне тауар экспорттау кезінде көптеген кедергілер кездеседі. Кеден бекеттерінде жүк көліктерінің сағаттап кептелісте тұруы, маневрлік локомотивтердің, жылжымалы құрамның (платформалар, жабық вагондар, цистерналар) жетіспеушілігі, теміржол инфрақұрылымының тозуы, т.с.с. келеңсіздіктер көп. Тағы бір мәселе – несиең қолжетімсіздігі. Шикізат сатып алу кезінде де қиындықтар туындайды. Ал шаруа бағаның тиімді болғанын қалайды. Бұл үшін өндірушілер экспортқа шығаратын өнімнің бағасын көтеру қажет деп есептейді.

Конференция барысында Ядыкар Ибрагимов ішкі нарықта шикізат бағасын өсіруге болатынын және соның есебінен ауыл шаруашылық дақылын өндірушілер майлы дақыл алқабын ұлғайта алатынын атап өтті.

– Май өнімдерін экспорттау еліміздің басқа экономикалық деңгейге шығуына, яғни «шикізат қоймасы» емес, «тауар сатушыға» айналуына ықпал етеді. Экспорттық баждардан алынған ақшаны субсидиялар немесе басқа қаржылық қолдау түрінде ауыл шаруашылығы өндірушілеріне қайтарса сала гүлден сала береді, – дейді ол.

Айта кетейік, біздің еліміз жылына 180 мың тонна құнбағыс майын тұтынады. Оның 70%-ын ішкі нарық қамтамасыз етсе, қалған 30%-ы Ресейден келеді.

Іскерлік байланыстар алмасуға, ірі қазақстандық майлы дақылдарды өңдеу зауыттарының өкілдерімен перспективалық байланыстар орнатуға бірегей мүмкіндік берген іс-шара кешкі ақшам уақытына дейін жалғасты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Алматыда Қазақстандағы перинаталдық орталықтар мен перзентханаларда жұмыс істейтін медбикелердің I Халықаралық форумы болып өтті. Іс-шараның мақсаты – реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінде жаңа туған нәрестелерді аман алып қалу мен күтуде орта медицина персоналының ерекше және өте маңызды рөліне назар аудару.



СӘБИЛЕР АМАН БОЛСЫН!

Алматыда шетелдік дәрігерлер тәжірибелерімен бөлісті

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл мейірбикенің имиджін арттыруға, күтім сапасын жақсартуға және бала өлімін азайтуға ықпал етеді деген сенім бар. Неонаталды медбикелердің форумына Литва, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Әзербайжан және Израильден де мамандар келіп, бас-аяғы 200-ден астам мемлекеттік және жеке медициналық орталықтардың қызметкері қатысты.

Форум барысында халықаралық мамандар жаңа туған сәбилерде инфекциялардың алдын алу, неонаталдық бөлімшелерде күтім сапасын жақсарту, жаңа туған бөбекті аспаптық зерттеулерге дайындау, олардың витальдық функцияларының жай-күйіне мониторинг жүргізу, неонатология бөлімшелерінде орта медицина

персоналының жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері сияқты бағыттар бойынша практикалық тәжірибелерімен бөлісті.

«Қазақстанның перинаталдық орталықтары мен перзентханаларындағы орта медицина персоналына түсетін жүктеме өте үлкен. Қазіргі уақытта реанимация немесе қарқынды терапия бөлімшесіндегі бір неонаталды медбикеге жаңа туған алты нәрестеден келеді. Салыстыру үшін айтар болсақ, Еуропалық одақ елдерінде бір сәбиге бір медбике жауапты. Ал бұл жағдай шараның аман қалуына немесе мүгедек болып қалуына кепіл бола алады. Ал біздің елімізде балалардың мүгедектігі бойынша көрсеткіш артып келеді. Былтырғы қорытындыға сүйенсек, мүгедектікке шалдыққан баланың саны 100 мыңнан асты, кейінгі 5 жылда бұл көрсеткіш екі есе

өсті. Біз мұны неонаталдық қызметтегі орта медицина маманының иығындағы жүктің аса ауырлығымен байланыстырамыз. Неонаталды мейірбикелердің негізгі функциялары мен шекті жүктемесін анықтаудың жаңа тәсілін әзірлейтін уақыт келді деп есептейміз», – дейді AYALA қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.

Осы орайда айта кетсек, 15 жылдан бері AYALA жаңа туған сәбилерді аман-есен қатарға қосып жіберу жолында елеулі жұмыстар атқарып келе жатыр. Мәселен, Алматы мен Астана қалаларындағы перинаталдық және неонаталдық бөлімшелер мен орталықтарға 300-ге жуық арнайы жабдықтарды сыйға берді. Мұның бәрі еліміздегі бала өлімін азайтуға сеп болары сөзсіз.

БРИФИНГ

МЕЙІРБИКЕГЕ АРТЫЛАР ЖҮК ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Кеше Халықаралық медбикелер күні аталып өтті. Осы айтулы күнге орай Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына денсаулық сақтау саласының ардагерлері Гүлшара Урмурзина мен Майя Абабкова, №10 қалалық емхананың бас мейірбикесі Гүлнәр Қожақанова келіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Бұл күн Халықаралық Қызыл Крест комитетінің шешімімен мейірбике ісінің негізін қалаушы әйгілі ағылшындық Флоренс Найтингейлдің туған күніне орай таңдалған екен. Г.Урмурзина медициналық мекемелердегі жұмыстың ең үлкенін және жауапты бөлігін медбикелер атқаратынын ерекше атап өтті.

Осы орайда айта кетсек, «Ұлттық медициналық ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Алтын дәрігер» төсбелгісінің және «Ave Vitae» орденінің иегері Гүлшара Урмурзинаның басшылығымен Алматыда алғаш рет балалар стоматикалық санаторийлері, аралас емханалар, мейірбикелік күтім ауруханасы, перинаталдық орталық, «Адам ұрпағын өрбіту орталығы» ашылды. Алматы перзентханаларында ана мен баланың бірге болу жүйесі енгізілді. Емдеу мекемелерінің материалдық базасын дамытуға және нығайтуға, жұмыс пен кадрлар даярлаудың жаңа нысандары мен әдістерін енгізу үдерістеріне үлкен үлес қосты.

Гүлшара УРМУРЗИНА, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің, «Ave Vitae» орденінің иегері:

– Медбикелердің денсаулық сақтау саласының дамуына қосып жүрген үлесі орасан зор. Корифейлер медбикенің үш қабілетке ие болуы керектігін бекер айтпаған. Біріншісі – кәсібилік, екіншісі – техникалық ептілік, ал үшіншісі – шынайылық. Мейірбике нығына түсетін барлық жауапты жұмысты орындай алуы қажет. Қарапайым жұмыстан бастап, операция жасайтын хирургтың көмекшісі ретінде өте күрделі манипуляцияларға дейін білуі керек.

Майя АБАБКОВА, №18 қалалық емханасының ардагер медбикесі:

– Меніңше, біздің қазақстандық, алматылық денсаулық сақтау саласының жетістіктеріне медбикелердің қосқан үлесін асыра бағаламау мүмкін емес. Осыдан бірнеше жыл бұрын бұл мамандықтың негізгі мәні неде деп менен сұраған болса, мейірімділікте деп жауап берген болар едім. Ал бүгінгі күні оның негізінде үнемі шыңдалумен, тәжірибемен келетін кәсібилік жатыр деп айтар едім. Және денсаулық сақтау саласындағы жұмыстардың 80%-дан астамы мейірбикелерге жүктелетінін айтпай кетпесем болмас.

Гүлнәр ҚОЖАҚАНОВА, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас медбикесі:

– Қалада 18 мың мейірбике бар болса, олардың 4800-ден астамы жоғары білімді. Мегалополисте сонымен қатар, мейірбикелер қауымдастығы да бар. Былтыр қаладағы 10 бас медбике тәжірибе алмасу мақсатында Израиль мемлекетіне барып келді. Онда біз ауруханада қызмет көрсетудің заманауи дағдыларын игердік. Алған тәжірибемізді пилоттық жоба ретінде өзімізге енгізудеміз.

Нұр ЖАМАЛ.



ЖИЫН

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

Мереке Құлкенов Жазушылар одағының басқарма төрағасы болып сайланды

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы Абай атындағы ұлттық опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының кезекті XVI құрылтайы өтті. Құрылтайға Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысты. Жиын басында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Құттықтау хатын оқып берді.



қылау-тексеру комиссиясының төрағасы, жазушы Әлібек Асқаров қоғамдық ұйымның бесжылдық есебі бойынша баяндама жасады.

100 жылға жуық тарихы бар Қазақстан Жазушылар одағы еліміздің қоғамдық, саяси өміріне белсене араласып келеді. Бүгінгі таңда 963 мүшесі бар бұл Одақтың ел өңірлерінде 19 филиалы жұмыс істейді.

Жазушылар одағы сонау 1926 жылы «Қазақстан пролетариат жазушылары ассоциациясының бюросы» болып құрылғалы бері талай кезеңді басынан кешірді. 1932 жылы Қазақстан Жазушылар одағы болып қайта өзгеріп, күні бүгінге дейін қаламгерлердің қорғаны болып отыр.

Сонымен, құрылтайға жиналған қаламгерлер одақтың бес жыл ішінде атқарған жұмысын саралап, алдағы бес жылдың мезесін де белгілеп алды. Қаламгерлер өз тараптарынан көптеген ұсыныстар айтып, өзгерістер күтетінін де жасырмады. Сондықтан жарыссөзге шығып, сөйлегендер қарасы да қалың болды.

Сонымен, құрылтайға қатысушылар бірауыздан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы етіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Мереке Құлкеновті сайлады.

Төрағаның бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы, орынбасарлары болып Бауыржан Жақып, Қасымхан Бегманов, Ғалым Қалибекұлы, Бейбіт Сарыбаев сайланды. Жиын соңында Қазақстан Жазушылар одағының XVI құрылтай қатысушыларына арналған Үндеуі оқылды.

Қаламгер-журналист Мереке Әбдешұлы Құлкенов 1951 жылы 8 қарашада Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) Журналистика факультетін бітірген (1978). Бірнеше кітаптың авторы. Солардың бірі – Рахымжан

Отарбаевпен бірлесіп жазған «Бас» драмасы үшін Мәдениет министрлігі жариялаған «Бәйтерек» республикалық байқауында екінші жүлдеге ие болды (2004 ж.).

1970 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін 1971–1973 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің газет-журнал баспасы баспаханасында баспагердің көмекшісі болды. Университетті бітірген соң бұқаралық ақпарат құралдарында – «Қазақстан пионері» газеті, Қазақстан телеарнасы, «Пионер» журналы, «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі, 1993–1997 жылдар аралығында «Жалын» республикалық қоғамдық-әдеби журналының бас редакторы, 1997 жылдан бері «Ана тілі» республикалық газетінің, 2000 жылдан осы уақытқа дейін «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы, 1991 жылдан қазіргі күнге дейін «Өлке» баспасының бас директоры болып еңбек етіп келеді.

«Құрмет» ордені, Ұлттық «Алтын жұлдыз» сыйлығы, бірнеше медальдармен марапатталды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІ



МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Алматыда үздік медбикелер марапатталды

Қаламызда Халықаралық медбикелер күніне орай мерекелік іс-шара өтіп, үздік медбикелер анықталды. Салтанатты жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова және медицина саласының мамандары қатысты. Мереке құрметіне үздік медицина қызметкерлері Алматы қаласы әкімі Ерболат Досаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Медбикелердің кәсіби мерекесі қала деңгейінде жыл сайын атап өтіледі. Бірақ бүгінгідей ауқымды мерекелік іс-шара пандемиядан кейін алғаш рет өтіп тұр. Барлық медицина қызметкерін мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Аурудың алдын алып, дертіне дауа іздеген жандарға көмек қолын созғандарыңыз үшін, мамандыққа деген адалдық үшін алғыс айтқым келеді», – деді Әсем Беккызы.

Сондай-ақ, медицина саласында талай жыл еңбек етіп келе жатқан медбикелерге Денсаулық сақтау ісінің үздігі төсбелгісі тағылып, ҚР Денсаулық сақтау министрінің атынан Құрмет грамоталары табысталды.

Қалалық №7 клиникалық ауруханасының инсульт бөлімінде жұмыс істейтін Бүбина Алтынбекқызы 36 жыл бойы мейірбике болып келеді.

«Кәсіби мерекемізді өзіміздің ауруханада да атап өттік. Басшылықтан Құрмет грамотасын алдым. Енді, міне, бүгін қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталдым. Әрбір қызметте еңбектің еленуі адамға ерекше қуаныш сыйлайды. Алда да мамандыққа адал болуға шабыттандырады», – дейді ол.

Қоғам үшін қай кезде де маңызы жоғалмаған ақ халатты абзал жандар адам өмірінің сақшысы болып келеді. Ауруханалар мен емханалардың 70% жұмысын медбикелер атқарады. Олар болмаса дәрігерлердің де жұмысы алға баспас еді.

Денсаулық сақтау саласының негізгі қызметкерлері – медбикелерге арналған бұл мерекенің тарихы әріде жатыр. Бірақ 1971 жылдан бері

ғана ресми түрде мерекеленіп келеді. Сол жылы әлемнің 141 елінің мейірбикелері кәсіби қоғамдық ұйымы медбикелердің Халықаралық кеңесін құрды. Медбикелердің кәсіби мерекесі медбике ісінің негізін салушы, ағылшын медбикесі Флоренс Найтингейлдің туған күні аталып өтіледі. Флоренс Найтингейл Қырым соғысы кезінде тұңғыш болып мейірбикелер қызметін ұйымдастырған. 1971 жылы Флоренс Найтингейлдің туғанына 188 жыл толды. Халықаралық Медбикелер кеңесі осы даңқты әйелді мәңгілік есте қалдыру мақсатында 12 мамырды Халықаралық медбикелер күні деп қабылдап, сол жылдан бері осы күн денсаулық сақтау саласында ерекше мереке ретінде тойланады.

«Медицина саласында еңбек етіп келе жатқаным биыл 33 жыл болды. Әлемдегі медицина қызметкерлерінің жартысынан көбін медбикелер құрайды. Мамандығымды өте жақсы көремін. Осы салада қызмет ететініме мақтанамын. Медбике үшін кез келген бөлімнің қиындығы болады. Бірақ емханадағы жалпы тәжірибелік медбикелердің жұмысы тіптен қиын. Олар емханаға тіркелген емделушілердің дүниеге келген нәресте кезінен бастап, үлкен шағына дейін денсаулығына жауап береді. Емхананың 80% жұмысы аурудың алдын алудан тұрады. Созылмалы аурулары асқынған емделушілердің емделуін қадағалайды», – дейді №23 қалалық емхананың бас мейірбикесі Гүлмира Сағатбекқызы.



БАЙҚАУ

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Алматы «BALAFEST-2023» балалар фестивалінің қалалық кезеңі басталды

Алматыда «Алматы BALAFEST-2023» балалар фестивалінің қалалық кезеңі басталды. Аталмыш фестиваль алғаш рет Мемлекет басшысының қатысуымен «Балалар жылы» аясында өткен еді. Фестивальге білім беру ұйымдарының 1–11-сынып оқушылары қатысады. Байқау жеңімпаздары Халықаралық балаларды қорғау күні марапатталатын болады.

Фестивальдің басты идеясы – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қолдау үшін қалада жүзеге асырылып жатқан үздік жобалар мен бастамаларды біріктіру болып отыр.

Фестивальге 300 мың бала қамтылып, 3 кезең (мектеп, аудандық, қалалық) 7 бағыт бойынша конкурстарға қатысады.

Сонымен, балалар фестивалі аяқталған соң 1 маусымда қалалық байқаулардың 1000-нан астам жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтеді. Сондай-ақ, биылғы халықаралық және республикалық зияткерлік олимпиадалардың 50 алтын медаль иегерлеріне құрмет көрсетіледі. Жалпы, Алматылық команда 18 жыл бойы үздік атанып келеді.


Фестиваль бағдарламасында танымдық ойындар, шеберлік сыныптары, көрмелер, театр қойылымдары және т.б. сияқты мәдени-ойын-сауық іс-шаралар кең ауқымда қамтылған. Барлық конкурстар балалардың таланты мен шығармашылығын көрсетуге, олардың жағымды энергиямен қуаттануына қатысты ұйымдастырылады.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

СӘН ӘЛЕМІ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Үстімізге ілетін киімдер жәй шүберек емес, олар да адамға көрік қосады. Демек, өміріміздің ажырамас бір бөлшегі. Негізі, талғаммен, ерекше стильмен киіне білу де үлкен өнер. Ал сән әлемінің дизайнерлері жылда бір сән ойлап тауып, әсіресе сәнқой қыз-келіншектерге қуаныш сыйлап жүр. Осы орайда биылғы көктем, жазда қандай киімдер сәнді, қандай түстер трендте деген сауалдарға жауап іздеп көрейік.



лектердің бөлігі болмақ, әрі кең джинсы немесе шалбармен де үйлестіріп киюге болады.

Айтпақшы, жылтыр көйлектерді тек кешкі салтанатты жиын-тойларда ғана емес, күндіз, күнделікті өмірде де киюге болады екен биыл. Тағы бір назар аударатын нәрсе, жазғы көйлек таңдағанда, белдіксіз моделі дұрыс дейді сәнгерлер. Жылтырағы бар белдемшелер де, колготки мен аяккімдер де еш ерсі емес көрінеді. Жұқа, нәзік матадан тігілген көйлектерді, белдемшелерді табаны қалың «дөрекі» аяккімдермен де кие беруге болады десеңді.

Карго (кең балақты, үлкен қалталы) шалбары бұл көктем мен жазда да трендте. Кең шалбар кигенде үстіне денеге жабысып тұратын боди, қысқа жейде немесе жемпір, корсет, бра киюге болады екен. Бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын комбинация деп сендіреді сәнгерлер. Шашақты киімдер де осы жаздың сәні болмақ. Сондай-ақ, былтырғыдай оферсайз емес, денеге жабысып тұратын көйлектер сәнге айналмақ.

Айтпақшы, 2023 жылдың ең басты сәнді түсі ретінде қызыл және күлгін түстердің қосындысы таңдалыпты.

ТАЛҒАММЕН КИІНУ ДЕ ӨНЕР

Биылғы тренд қандай?

Биыл сәнге былғары және джинсы киімдер шықты. Тіпті, бастан-аяқ джинсы кию қайтадан сәнге айналады. Гардеробымызда джинсы шорты да болады деген сенімдеміз. Ең қызығы, былғарыдан тігілген көйлекті айтсаңызшы, жазда ыстық тартпай ма екен деп отырмыз. Бірақ әдемі болу үшін қандай құрбандыққа да барамыз ғой біз, әйелдер. Бұл орайда стилистер былғарыдан тігілген көйлектер әрдайым әсерлі және қымбат көрінеді деп отыр.

Көйлек, жейделеріміз шілтерлі болатын көрінеді. Дизайнерлер әсіресе, классикалық қара түсті шілтерді дұрыс көреді.

Макси және мини ұзындықтағы белдемшелер киіміз сосын. Бел тұсы мықында тұратын шалбар, юбкалар да бұл маусымда сәннен қалмақ емес. Блузка, жейделер мен футболкалар белі төмендеу юбкалармен тамаша үйлеседі дейді сәнгерлер. Корсет те әлі сәннен шықпаған сыңайлы. Корсеттер шілтерлі көй-

«Әтір – әйелдің келгенінен хабар береді»



Сән мен стиль патшайымы ретінде тарихта қалған Коко Шанельдің бізге жеткен қанатты сөздерінен үзінді келтіре кетейік. Бүгінгі тақырыбымызды басқа қырынан толықтыра түсер деген оймен ғой.

«Сән өтеді, ал стиль қалады». «Әдемілікке күтім жасаған кезде, жүрек пен жаннан бастау керек, әйтпесе ешқандай косметика көмектеспейді!». «Мінсіз юбка тізені жауып тұруы керек». «Баға жетпес әйел болу үшін үнемі өзгеріп тұру керек». «Талғамы жаксы адамдар бижуте-

рия тағады, ал қалғандары алтын тағуға мәжбүр». «Иисус – көрінбейтін, бірақ ұмытылмайтын үздік сәнді аксессуар. Ол әйелдің келгені туралы хабар беріп, ол кеткеннен кейін де оны еске түсіріп тұрады». Міне, осы әтір туралы бірер сөз айта кетейікші.

Әтір де – сәндік, аса қажетті аксессуар. П.Пикассо айтқандай, «Әтір – тұлғаның автографы». Ал Мадам Роша «Әтір – дененің әуені» депті.

Иисуды киімнің үстінен себуге болмайтынын көбіміз біле бермейміз. Себебі, әтір иісі тек терімен жанасқанда ғана шығады. Жалпы, әтірді таза әрі құрғақ терінің үстінен себу керек екен. Әсіресе, құлақ артына, мойынға және білекке сепкен абзал. Молынан шашып, сеуіп алу талғамсыздыққа жатады.

Ашылмаған құтыдағы иісусу 3–5 жылға дейін жарамды. Ал ашылған болса, оны бір жылдан артық қолданбағаныңыз жөн.

Әтірді жарықтан, жылуудан және ылғал жерден қорғау керек. Бұл үшеуі иісудың өзіндік иісін жоғалтып жібереді.

«Тақияны кім киеді?»

Сәнді киіну деген – биыл осындай киімдер шығыпты, елден мен де қалмайын деп жаппай киіп алу емес бәрін, әрине. Міндетті түрде талғам болу керек. Дененізге қонымды, жайлы болғаны абзал. Тым қымбатқа ұрынып та қажеті жоқ. Себебі, ол көйлегіңіз келесі жылы сәннен шығып қалуы бек мүмкін.

Қалай дегенмен де қыз-келіншектеріміздің көшеде, күнделікті өмірде ұлттық киімдермен жүргенін көбіміздің ішіміз қалап тұратыны бар. Оған да ақырын келе жатырмыз. Себебі, ұлттық ою-өрнектеріміз түскен кәжесей, бешпеттерімізді киіп жүретін әйелдер жоқ емес. Күнделікті өмірде шашбау, шолпы тағып жүрген қаракөздеріміз де аз емес. Тіпті, былтырлары қыздарымыздың тең жартысы көшеде тақия киіп жүрді. Көз сүйсінді.

Тақия дегенде еске түседі, өткенде әлеуметтік медида Тұрар Сәттарқызы деген желі қолданушысы «Тақияны кім киеді?» деген жазба қалдырды. Онда ол ұлттық киім киюдің де өз жөні бар екенін айтты.

«Бүгінде тақия трендке айналған. Қуантарлық жағдай! Дегенмен, қатты айтсам, кеіріңіздер, бірақ тақияны күйеуге шыққан, баласы бар келіншектер мен 50–60-тағы әжеселер киіп алған. Әр нәрсенің өз орны бар. Бүгінде «қыз кесе де, келіншек кесе де бәрібір емес пе, әйтеуір ұлттық киімімізді дәріптесек болды емес пе?» деген қасаң пікірлерді жиі естіп жатамын. Тақияны сарықарын әйелдер емес, бүлдіршін қыздар мен тұрмысқа шықпаған бойжеткендер кигенін ұмытпайықшы!

Қазақ қызы 3–18 жас аралығында, яғни бойжеткенше үкілі тақия киген.

Бес жасқа толғанда құлағын тесіп, сырға тағып, шашын өріп, шолпы таққан. Қыз ұзатылғанда басына сәукеле кигізген. Келін болып өзге шаңырақтың босағасын аттаған соң, оған жаулық салып, ениілейді. Яғни орамал – тұрмысқа шыққандықтың белгісі. Үйленетін жастағы жігіттер қыздардың басына қарап сөз салуға болатын-болмайтынын аңғарған. Мәселен, басына тақия, бөрік киген



қыз көрсе, бойжеткеннің басы бос екенін сезген, ұнатып жатса жаушы жіберіп, үлкендер арқылы құдалық жолын сөйлескен. Осылайша ұлттық киімдерімізді киюдің де өзіндік сыры, жолы, мән-мағынасы болған. Ұлттық бас киімді арабтың хиджабының сыртынан киіп алатындар да бар. Ұлттық киімімізді өз орнымен, жасына сай кесе екен дейміз», – дейді ол. Қосып-аларымыз жоқ, құптарлық ой.

Галстук сәннен шықпайды



Ағылшынның аристократ ерлері тек ақ түсті шалбар киген екен. Себебі, олар аксүйек болғасын, тек таза жерде жүріп, тұрады. Саусақ қимылдатып жұмыс істемеген. Ал қара жұмысшылар, яғни төменгі тап

өкілдері кір көтерімді деп қарасұр түсті киім киген. Бағасы да арзан тұрған. Ал ақ түсті киімдер қымбат болған.

Уақыт ағымымен ақ түсті киімдерді қарапайым адамдар да кие бастаған. Себебі, жұмыстар да жеңілдей түсті. Қазір тіпті кір жуатын машина бар дегендей.

Үнемі ақ жейде киіп жүретін ерлерге қарап, зайыбы ұқыпты адам екен деп ойлап қалатынымыз жасырын емес. Иә, «әйелінің үстіндегі киіміне қарап – ерін, ерінің жейдесінің жағасына қарап – әйелін таны» деген сөз де бекер айтылмаса керек.

Ақыры ерлер туралы айтып қалдық, сөз соңында олар тағатын галстук туралы да бірер сөз қозғай кетейік. Мойынға

тағатын галстук сәннен шықпайды. Ол түсін, пішінін өзгертуі мүмкін, бірақ ешқашан қолданыстан қалмайтын әдемі аксессуар. Айтпақшы, биыл жазда ерлер галстукты қысқа шортымен де таға берсе болады екен. Тек үйлесіп тұрса болғаны.





ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«ҮЗДІК ҰЙЫМ» АТАНҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!«Орта білім берудің үздік ұйымы» атанған мекеме
56 млн теңге көлемінде грантқа ие болады

Алматыдағы білім мекемелері арасында «Орта білім берудің үздік ұйымы» грантын жеңіп алуға арналған дәстүрлі байқаудың қалалық кезеңі басталды. Байқаудың аудандық кезеңі 10–28 сәуір аралығында өткен еді. Қалалық байқау 30 маусымда аяқталады.



Байқаудың басты мақсаты – тиімді педагогикалық және басқарушылық тәжірибені жинақтап, орта білім мекемелеріне тәжірибе ретінде тарату, ҚР орта білім беру жүйесінің даму үрдістерін анықтау. Сонымен қатар, білім бөйгесі педагогтар мен басшылардың кәсіби өсуіне де ықпал етеді.

Қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және жоғары рейтингтік көр-

сеткіштерге қол жеткізу үшін қатысушыларды іріктеу мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу;
- 2) сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 3) кадрлық қамтамасыз ету;
- 4) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

5) білім алушылардың денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) педагогтар мен басшылардың кәсіби және жеке өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасау;

7) инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау;

8) соңғы үш жылдағы оқушыларды оқытудағы рейтингтік көрсеткіштер;

9) білім беру сапасын басқару;

10) білім беру сапасын сыртқы және ішкі бағалау нәтижелері;

11) халықаралық ынтымақтас-тықты жүзеге асыру.

Байқауға барлық мемлекеттік орта білім беру ұйымы қатысады. Әр ауданнан ұсынылған сегіз білім беру ұйымы арнайы дипломымен марапатталып, жеңімпаз ұйым Алматы қаласы әкімінің 56 млн теңге сомасындағы грантының сертификатын алады.

Грант тамыз айында өтетін қалалық пленарлық конференцияда тапсырылады. «Орта білім берудің үздік ұйымы» ретінде грант алған мемлекеттік орта білім беру мекемесіне материалдық-техникалық жабдыктандыруды жақсартуға және білім беру үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қаражат аударылады.

Қосымша сұрақтар бойынша 8 702 299 24 27 нөміріне, қалалық ғылыми-тәжірибелік ғылыми-әдістемелік жұмыс бөліміне хабарласуға болады.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ШАХМАТ ПӘНІ
ЕНГІЗІЛЕДІ

Қазіргі таңда шахмат ойыны кеңінен насихатталып жатыр. Тіпті, еліміздегі мектептердің оқу бағдарламасына факультативті пән ретінде енгізілмекші. Қазірдің өзінде бірнеше өңірде пилоттық жоба ретінде қолға алынып, іске аса бастады. Мектеп оқушыларына шахмат үйрету орыс және қазақ тілдерінде жүретін болады. Бүгінде 30-дан астам мектепте енгізілген 3 жыл бойғы апробация барысында шахмат балалардың үлгерімі мен қабілетін дамытуда оң нәтиже көрсеткен.

– Біз өткен жылы маусымда «Мектептегі шахмат» жобасын қолға алған болатынбыз. Мемлекет басшысымен шахматты мектеп бағдарламасына факультативтік пән ретінде енгізу туралы келістік. Біз 1–4-сыныптардан бастағымыз келіп отыр, әрине қиынға соғады. Себебі, ол нақты әрі тексерілген дайындықты қажет етеді. Жалпы, шахматты мектеп бағдарламасына енгізу бойынша сараптама-лық қорытынды жасалды. Барлық ғылыми тәсілдер бойынша шахматтың баланың дамуына оң әсер ететіндігі дәлелденді, – дейді Қазақстан шахмат федерациясының бірінші вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов.

ТӘРБИЕ

ЖАҢА МАМАН ПАЙДА
БОЛАДЫ

Қазір елімізде ерекше балаларды қолдау үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Мәселен, енді еліміздегі балабақшаларда да ерекше балаларды тәрбиелейтін жаңа маман пайда болатын болды.

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тәрбие, білім алуына жағдай жасау керектігі жөніндегі норма бар екені белгілі. Соған сәйкес, білім беру ұйымы басшыларына ерекше балаларды талапқа сай жағдаймен қамтамасыз ету жағы да қатаң тапсырылып отыр. Мәселен, өткен оқу жылынан бастап мектептерде педагог-ассистент лауазымы енгізілгені белгілі. Дәл қазіргі уақытта мектептерде 1000-ға жуық педагог-ассистенттер жұмыс істейді. Енді мектепке дейінгі мекемелерге де педагог-ассистент лауазымы енгізілетін болды.

ІС-ШАРА

«МЕН – ХХІ ҒАСЫР МҰҒАЛІМІМІН»



Қазақ білімінің қарашаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ел мұғалімдерінің шеберханасы іспетті.

Республика мектептеріне маман даярлаумен қатар, педагогтардың біліктілігін арттырумен де тікелей айналысып келеді. Жақында «Педагогика және психология» институтының педагогика кафедрасы «Мен – ХХІ ғасыр мұғалімім» атты іс-шара ұйымдастырды.

Оған қаламыздағы И.Мандоки атындағы №154 мектеп, Абай атындағы РММИ, №81 мектеп-гимназия, Ш. Смағұлов атындағы мамандандырылған физика-математика лицей-интернатының оқушылары қатысты. Болашақ мұғалімдерді осы оқу ордасының басшысы, «Педагогикалық сынып» жобасының авторы Дархан Біләлов Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» өлеңімен қарсы алды. Жалпы, қолға алып отырған

жобаның ауқымы үлкен, ең алдымен «Білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде және Абай атындағы ҚазҰПУ ережелеріне» сәйкес дайындалған. Негізінен педагогикалық сынып оқушыларын «мұғалім» мамандығына бейімдеп, педагогикалық қызметте өзін-өзі дамыту үшін бағдар көрсету мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Мектеп оқушылары басқосу барысында «Педагог мамандығына алғашқы қадам», «А.Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларындағы заманауи идеялар», «Педагогикалық қарым-қатынас – мұғалім жетістігінің негізі», «Альфа ұрпақтың тәрбиесі қандай болмақ?», «Балаларға жүрек жылуын сыйлаған мұғалім келбеті», «Педагогикалық сынып және оның болашағы», «Цифрлық дәуірдегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» және т.б. мәселелер төңірегінде ой өрбітті.

Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Биыл қарымды қаламгер, қоғам қайраткері Серік Әбдірайымұлының көзі тірі болғанда 80 жасқа толар еді. Аяулы ұстаз ұлтымыздың ұлыларын ұлықтауда да көп еңбек сіңірді. Өзі кетсе де, соңында сөзі қалған дара тұлғаның мерейтойына орай, өзі еңбек еткен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультеті үлкен іс-шара ұйымдастырды.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ
ҰЛЫҚТАЛДЫ

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы «Әл-Фараби» кітапханасында журналист-публицист, жазушы, ұстаз, аудармашы, баспагер Серік Әбдірайымұлын еске алып, «Баспасөз бен баспа ісінің заманауи тенденциялары: дәстүр мен жаңашылдық» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Жиынды Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы жүргізіп отырды. Бұл алқалы бас қосуға қазақтың қабырғалы қаламгерлері Бексұлтан Нұржеев, Кәдірбек Сегізбаев, халық қалаулысы, қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, филология ғылымының докторлары Сағымбай Қозыбаев, Жанғара Дәдебаев, Қансейіт Әбдезұлы, жазушы Зейнеп Ахметова, ардагер-журналист Қайырбек Мырзахметұлы, заң ғылымының докторы Өмірәлі Жалаири, ағасы Жарылқасын Әбдірайымұлы мен інісі Бақытжан Әбдірайы-

мов, баспагер Темірғали Көпбаев, тағы басқа зиялы қауым өкілдері қатысып, өмірі мен шығармашылығы туралы есті естеліктер айтты. Конференцияның негізгі баяндамасын профессор Жанғара Дәдебаев жасады. Жиын барысында «Гибратты ғұмыр» сериясымен жарық көрген Серік Әбдірайымұлы туралы кітаптың тұсауы кесілді.

Сондай-ақ, осы іс-шара аясында Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы Серік Әбдірайымұлының отбасымен бірлесіп, «Ең үздік ғылыми жұмыс», «Ең үздік баспасөз материалы», «Ең үздік мультимедиялық жоба» және «Медиазайн өнерінің үздік туындысы» атты байқаудың жеңімпаздарын анықтады. Байқау қорытындысы бойынша жүлдегер атанғандарды жазушының перзенттері Қалижан Серікұлы мен Гүлмира Серікқызы қаржылай сыйлықтармен марапаттады.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ТІРШІЛІК КӨЗІ

Су шаруашылығы министрлігін құру керек

Мемлекет басшысы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Орталық Азия өңірінде су мәселесі қашанда өте өзекті болғанын атап өтті. ҚР Президенті сумен жабдықтау нысандарын және барлық су саласын цифрландыру зор маңызға ие екендігін жеткізді. Суару арналарын жаппай жаңғырту, гидротехникалық құрылыстарды дербес басқаруға көшу, су ресурстарын пайдалануға квота енгізу, суды есепке алуды автоматтандыру керектігіне тоқталды.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Мемлекеттік мониторинг жүргізу қажет

— Колумбия климаттық мектебіне қарасты Жер институтының зерттеуі бойынша Тянь-Шань тауларында жауын-шашынның азаю қаупі бар. Ал бұл суармалы егістіктер мен жайылымдарға қажетті тұщы судың тапшылығын тудырады деген сөз. Тау басындағы жыл бойы жататын қардың көлемі азайып барады. Ғалымдар алдағы жиырма жылда қар бұдан да тез еруі мүмкін деген болжам жасап отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, сыртқы су ағынының азаюы суды тиімсіз пайдаланудың салдарынан ушыға түсуде. Оның пікірінше, су ресурстары жағдайына мемлекеттік мониторинг жүргізу ісін күшейту қажет.

— Ағын сулардың режимі мен су қоймаларын зерттеу үшін 800 гидрологиялық бекет қажет болса, соның 310-ы ғана жұмыс істеп тұр. Толыққанды мемлекеттік су картасын жасау қажет. Бұл су ресурстарының мөлшері мен сапасына мониторинг жасауға және экономиканың салаларын сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты теңгерімге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, — деді Мемлекет басшысы.

Тиімді саясат жүргізу маңызды

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев суды пайдалану саласындағы ведомствоаралық үйлестіру жұмыстарының нашар жүргізіліп жатқанын сынға алды. Мемлекет басшысы су шаруашылығы инфрақұрылымын түрлі мемлекеттік органдар басқаратынын атап өтіп, соның салдарынан су ресурстарына қатысты тиімді саясат жүргізілмей отырғанын айтты.

— Премьер-Министрдің бірінші орынбасары жанынан 2015 жылы құрылған Су кеңесінің отырысы бір-ақ рет өткен. Алайда, бұл кеңес пікір алмасатын мәжіліс органы ғана емес, өзінің тиімділігін көрсетіп, шешім қабылдауы керек. Қазіргі мәселелерге басқа мән беру сектордағы жағдайды қалпына келтіру үшін жүйелі шаралар қабылдауға мүмкіндік бермей отыр. Траншекаралық өзендерде су бөлу мәселесі бойынша Қазақстанның келіссөз жүргізудегі ұстанымы әлсіз болуы осыған байланысты. Ішкі су саясаты мықты болмаса, көрші елдермен тиісті су дипломатиясын құру мүмкін емес, — деді Президент.

Траншекаралық өзендер әділетті бөлінуі тиіс

Шынында да Мемлекет басшысы айтқандай, Орталық Азияда су тапшылығы мәселесі өте өзекті. Бұл ретте Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан елдерінің арасында адамзаттың тіршілік көзі атанған су проблемасына келгенде ортақ мәмілеге келе алмай отырған тұстары көп.

Әйтпесе, біз ортақ су ресурстарын тиімді пайдалануымыз қажет. Сырдария мен Өмудария өзендерінің арқасында Арал көлінің мәселесін шешуге мүмкіндік бар. Алайда...

Қырғыздар өз еліндегі энергия тапшылығын жою үшін трансшекаралық Сырдария өзенінің бойында «Қамбар ата-1» жылу электр станциясын салуды қолға алды. Сондай-ақ, Тәжікстан да «Рогун» жылу электр станциясының құрылысын бастап кетті. Ертең бұл жобалар жүзеге асқан тұста, Сырдария мен Өмудария өзендерінің аяғында жатқан Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан елдері су тапшылығына ұрынатыны даусыз.



Негізі, трансшекаралық өзендерді халықаралық шарттарға сай пайдалану қажет. Әйтпесе, бұл үлкен мәселеге айналады. Мұндай жағдайда көрші елдердің келісімін ескеру аса маңызды.

Тағы бір алаңдатарлық жайт, америкалық сарапшылардың мәліметінше, «Қамбар ата-1» ЖЭС-сі салынатын аймақта жердің тектоникалық (жер сілкінісі) қозғалу қаупі жоғары. Өйткені, өткен жүзжылдықта «Қамбар ата-1» ЖЭС-і орналасқан жерде 9-10 баллды аса қатты жер сілкінісі болған. Ал осы құбылыстық алда тағы да қайталанбасына ешкім кепілдік бере алмас. Егер жер сілкініп, бөгет жарылса, «Тоқтағұл» су қоймасындағы су төменде жатқан елдімекендерді түгелдей шайып кетері анық.

Мәселені кешенді түрде шешу керек

Траншекаралық өзендер мәселесі өте күрделі проблема. Мұны шешудің жолдарын жан-жақты ойластырып, кешенді түрде шешпесек, ертең мұның арты үлкен дауға ұласып кетуі мүмкін. Бұл үшін біз алдымен су мәселесін Үкіметтік деңгейде шешіп алуымыз қажет. Арнайы Су шаруашылығы министрлігін құруымыз тиіс. Оған жеке отау беріп, білікті мамандарды тартып, трансшекаралық өзендер мәселесін шешудің амалдарын бірлесе отырып, жан-жақты талқылап, түбегейлі зерттеп барып іске асырғанымыз жөн. Сонда ғана Қазақстанның су шаруашылығы дамитын болады. Әйтпесе, су мәселесі ғаламдық проблемаға айналып барады. Әр мемлекет бір өзеннің бойында болғандықтан, өзіне тиесілі суын алуға ұмтылады. Оны даусыз, бейбіт шешпесе болмайды. Алдағы жылдары аймақаралық су мәселесі күрделене беретіні анық. Өйткені, жылдан-жылға азаю тенденциясы байқалуда. Керісінше, суға деген сұраныс арта бермек. Сондықтан су мәселесімен кәсіби тұрғыда айналысуды бүгіннен бастамаса болмайды. Бұл тұста Су шаруашылығы министрлігін құрған дұрыс қадам болар еді.

Мемлекетаралық келісімдерді қайта қараған жөн

Бұл мәселесін шешу үшін трансшекаралық өзен-суларды пайдалану туралы мемлекетаралық келісімдерді қайта қарау керек. Өйткені, біз мемлекетаралық өзен-суларды пайдалануға қатысты келісімдерге сонау 1984 жылдары қол қойғанбыз. Ол кезде біз Ресейдің құрамында болып, көп істі өзіміздің пайдамызға қарай шеше алмадық. Өкініштісі сол, біз осы құжатпен әлі күнге дейін жұмыс істеп келеміз. Осының салдарынан бүгінде

Ертіс пен Іле өзендерінің су көлемі мейлінше азайып барады. Экологтар да, балық инспекторлары да, табиғат жанащырлары да қайта-қайта көтеріп жүр. Үш елдің шекарасынан өтетін өзеннің суына Қытай елі ғана қарық болып отыр. Қытай Батыс провинцияларындағы халық саны өскен сайын өзен-суларын көбірек пайдаланып келеді. Бейжің ше-неуіктері Қытайдың батысындағы мұнай өнеркәсібін дамыту үшін екі өзеннің суын

басқа жаққа бұру жоспары бар екенін айтқан. Егер олай болатын болса, Қазақстан үшін апатты жағдай туады. Зайсан құрғап шөлге айналады, Іле өзені Балқаш көліне құятындықтан, ол да тартылып, екінші Аралдың кебін киюі мүмкін.

Бірлесіп шешкен іс тиімді

Траншекаралық өзендердің мәселесін шешудің түрлі жолдары бар. Ол үшін Орталық Азия аумағында су мәселесі жөнінде қауымдастық құруымыз керек. Оны басқару ісін тек бір мемлекет қана емес, барлық елдің онда өкілдері болуы тиіс. Осылайша Орталық Азия өңірі Сырдария мен Өмудария өзендерінің ресурстарын пайдалану бойынша келісімге келгені дұрыс. Онсыз бұл мәселені шешу қиын. Егер мұндай бірлескен одақ құрылса, онда трансшекаралық өзендерді пайдаланудың мәселесі шешіледі.

Бұл ретте Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан елдерінің басшылары бірлесе отырып, ортақ бір мәмілеге келгені жөн. Кеңес үкіметі кезінде бұл елдермен трансшекаралық суды бірлесіп пайдаланудың келісім-шарты бар болатын. Алайда, кей жағдайларда өзеннің бастауында отырған елдер бұл келісім-шартты өз деңгейінде орындамай келеді. Бізге су қажет емес қысқы мезгілдерде суды көп жіберіп, ал жазда азайтып тастайды. Бұл дұрыс емес. Міне, осындай келеңсіздіктер болмас үшін тағы да Орталық Азиядағы елдердің басшылары біріге отырып, мұны нақты шешудің жолдарын қарастыруы тиіс.

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, «судың да сұрауы бар» демекші, Орталық Азия мемлекеттері келешекте бағасы мұнай-дан да қымбат болып кетуі мүмкін су мәселесіне келгенде ортақ бір мәмілеге келгені жөн-ақ. «Аққу, шортан һәм шаян» секілді Алланың берген ең үлкен сыйы, адамзаттың ортақ қазынасы – суды әр мемлекет өз пайдасына ғана тарта берсе, онда келешекте бауырлас мемлекеттердің арасында бітіспес дау туындап, татулыққа, бірлікке сызат түсуі ғажап емес.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету – стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін. Сол себепті, бізге оның алдын алу қажет. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеп жатыр. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман БЕЙСЕНОВ,
қала тұрғыны:

Су көлемі азайып барады

Соңғы төрт жылдан бері жерасты мен жер үстіндегі су ресурстарына зерттеу жүргізген еліміздің ғалымдары 2030 жылдан кейін Қазақстанда жаппай су тапшылығы басталады деп болжам жасап отыр. «Сондықтан суды үнемдеп, бұл мәселені мемлекеттік деңгейде, тіпті халықаралық дәрежеде шешпесек, мұның арты жақсылыққа апармайды» дейді ғалымдар. Судың азаюының негізгі екі себебі бар, біріншісі – климаттың өзгеруі. Соңғы 50 жылда Қазақстан территориясында күннің жылынуы шамамен, 1,5 градусқа көтерілді. Бұл дегеніміз, судың ылғалдығы азайып, булану процесінің көбейіп келе жатқандығын көрсетеді. Оның үстіне, жауын-шашынның жылдық мөлшері де жыл санап азайып келеді. Оған қоса, өзекті мәселеге айналып отырған өзге елдерден бастау алатын трансшекаралық өзендер төңірегінде де шешілмей отырған проблема көп. Мысалы, Іле, Ертіс, Сырдария, Жайық өзендерінің бастауында отырған мемлекеттер суды пайдалануды ұлғайтуда. Іле мен Ертісті – Қытай, Жайықты – Ресей, Сырдарияны – Қырғызстан мен Өзбекстан пайдаланып отыр. Осының салдарынан трансшекаралық өзендердегі су көлемі күрт азайып барады.

Талғат НҰРЖАНҰЛЫ,
география магистрі:

Судың да сұрауы бар

1965 жылдары Ленинградтағы мемлекеттік гидрологиялық институттың жүргізген зерттеулері бойынша біздің елімізде су қоры 126 мың текше шақырым болған екен. Ал қазір еліміздегі су қорының көлемі 91,3 мың текше шақырым ғана. Ел экономикасы еңсе тіктеп, түрлі зауыт-фабрикалар, өндіріс орындары ашылып, егістік алқаптарының ауқымы кеңейген тұста біздің суды пайдалану көрсеткішіміз де өсе түсті. Сосын шеттен келетін өзендердегі су мөлшері азайып барады. Өйткені, олардың да әлеуеті өскен сайын суға деген сұраныс артып келеді. Бір ғана Іле өзенін алып қарайық. Сарапшылардың кейбір мәліметтері бойынша, шекарамызға таяу тұрған Құлжа қаласында 1960 жылдары 400–500 мың адам тұрған болса, қазіргі таңда ол аймақтың тұрғындары төрт миллионнан асты. Іле судан тартылып барады. Енді олар мұнымен қоймай, Іленің бастау алатын негізгі сағасын ішкі Шыңжаңға туннель арқылы бұрғалы жатқан көрінеді. Ал бұл жағдайда біздің Балқашымыз Аралдың кебін киері анық. Ол аздай, Қырғызстан да Сырдария өзенінің жанынан «Қамбар ата-1» ЖЭС-ін салуды қолға алуда. Ал Өзбекстан болса, Сырдарияның суын Өмударияға қарай тарту үшін канал соғамыз деп отыр. Егер әр мемлекет суды өзіне қарай тарта берсе, онда бізге не қалады? Сондықтан бұған аса жауапкершілікпен қарауымыз тиіс.

Айдар МАХАМБЕТҰЛЫ,
экология саласының маманы:

Ортақ мәмілеге келген жөн

Мұны ретке келтіру үшін Мемлекет басшысы айтқандай, Орталық Азия өңірінің су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп пайдаланудың механизмін әзірлеу қажет. Яғни су қоймаларының біртұтас кешенін іске қосып, халықаралық су-энергетикалық консорциумын құру керек. Сонда өзеннің бастауында отырғандар суды өз білермендігімен пайдаланбай, бірлескен қауымдастықтың шешімін ескеретін болады.



● ЕСКЕ АЛУ

ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАМПОЗЫ

Амангелді Сейітхан – бір өзі бір мектеп еді



«Жақсының аты өлмейді» демекші, жақсы адамның жарқын жүзі, жайдары мінезі, ол туралы естеліктер жадымыздан ешқашан өшпейді. Білікті маман ғана емес, жақсы адам ретінде көпшіліктің есінде қалған абзал азаматтың бірі Амангелді Сейітхан еді. Отандық телевизия мен қазақ журналистикасына еңбегі сіңген журналист, Ақпарат саласының үздігі, әйгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітхан небәрі 52 жасында жарық дүниемен қоштасып кете барды.

Күллі қазақтың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыруға зор үлес қосқан марқұм Амангелді Сейітхан 1969 жылы 11 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Мақаншы ауданында дүниеге келген. Өзінің сөйлеу шеберлігімен, білімділігімен, әдемі әзілдерімен қалың көрерменді баурап алған біртуар тұлға спорт журналисти-

касында өзіндік өрнек салып, мектеп қалыптастырды. Амангелдідей мықты журналистпен бірге жұмыс істеген әріптестері, шәкірттері ол туралы «Бір өзі үлкен мектеп еді» деп еске алады. Осыдан-ақ ол кісінің журналистикада шоқтығы биік мектеп қалыптастырған тұлға екені анық. Өйткені, ол өзінің бүкіл жігерлі

жастық шағын осы салаға арнады.

Ұзақ жылдар «Хабар» арнасында бірге жұмыс істеп, әріптес болған Зейін Әліпбек ол туралы бір естелігінде: «Ағамыз спортты жанындай сүйді» деп ерекше тебіреніспен айтқан еді. «Жұрт әлі күнге дейін осыдан 20 жыл бұрын Амангелді ағамыздың спортты жүргізгендегі сөздерін тұтастай жатқа айтады. Ол осындай отты сөздерімен сиқырлы спорттың сырын ашатын. Жұмыр жердегі сан додadan қазақ жұртына сан мәрте сауын айтып, салтанатымызды асырған еді. Футболдан әлем чемпионатын тұңғыш рет қазақ тілінде жүргізген білікті комментатор. Ала допты «ұршықша» сөзбен ғана емес, аяқпен де иіріп алаңға да шығып жүрді. Спортты жанындай сүйді. Құнды тәжірибесін жастармен бөлісіп, ізін басқан мамандарға үйретіп кетті», – дейді марқұмның әріптес бауыры.

Амангелді Сейітхан журналистика мен спортты қатар ала жүріп, Сейдахмет Бердіқұлов, Дидар Төлеуіш сынды белгілі тұлғалар атындағы турнирлерден тыс қалмайтын. Енді бүгін Амангелді Сейітханды еске алуға арналған турнирлердің өтетінін ойлаудың өзі ауыр. Аңқылдаған ақжарқын көңілімен көрерменді баурап, әлемнің алты бұрышынан Алашынан сүйінші сұраған жақсы жаңалықтың жампозы Амангелді Сейітханның есімі мәңгі өлмейді.

Айнұр СЕНБАЕВА.

● ӘЛЕМДІК ДОДА



Санжар, Махмұд, Дулат – ФИНАЛДА

Ташкентте ерлер арасында өтіп жатқан бокстан әлем чемпионатында Дулат Бекбауов финалға шықты. Қазақстандық спортшы 67 келіге дейінгі салмақта грузиялық Лаша Гурулимен шеберлік байқасты. Бірінші кезеңде төрешілердің бәрі Дулат басым деп тапты. 2-раундта да солай болды. Қорытынды есеп – 5:0, жекпе-жек Дулаттың пайдасына шешілді.

Қазақстан құрамасынан алғашқы болып Санжар Тәшкенбай әлем чемпионатының финалына шықты. Одан кейін Махмұд Сабырхан әлем чемпионның ұтып, финалға жолдама алды.

● АҚТЫҚ СЫН

Алматыда Almaty Cyber Games Students League киберспорт бойынша жарыстың финалы ұйымдастырылды. Сайысқа қатысқан жастар өз бағын сынап, өзара мықтыны да анықтады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл жолғы жарыстың жүлде қоры қосымша, 3 млн теңге. Жарысқа үш деңгей бойынша 12 студенттік команда қатысты. Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар Almaty Cyber Games International жазғы халықаралық турниріне шақырту алды.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАҢА БАҒЫТ

Елімізде пара-атлеттерге арналған алғашқы жүгіру мектебі ашылды

Алғаш рет протезбен жүгіретін пара-спортшылардың паралимпиадалық командасы құрылды. Жаңа жоба «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен қолға алынды.

Ұлттық паралимпиада комитетінің мәліметінше, Қазақстанның паралимпиадалық спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар құрылымында аяқ-қолы кемістігі бар 70-ке жуық спортшы болса, оның кейбірінде ғана спорттық-жүгіру протезі бар.

Алматы орталық стадионында бірнеше дүркін Паралимпиада чемпионы, Паралимпиада ойындарында 100 метрлік спринт жарысының жеңімпазы Генрих Поповтың жетекшілігімен «Running

КИБЕРСПОРТ ДАМЫП КЕЛЕДІ



Жарыстың мақсаты – жастарды киберспорт арқылы зейінін арттырып, заманауи технологияға жақындата түсу болып отыр. Өйткені, ғаламда ғылыми техникалық үдеріс қарқынды дамып барады. Бұл

туралы жарысты ұйымдастырушылар кеңінен айтып берді.

– Мұндай шара Қазақстандағы барлық университеттер арасында өтті. Сонымен қатар, финалға шыққан құрамалар да анықталып, 4 команда іріктелді. Олар «КС», «Дота» ойындарын ойнады. Бір анығы, қазіргі кезде киберспортты ойнаушы жастардың үлесі басым. Ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты – осы салада жүрген жандардың рухын көтеру, – дейді ерікті Ф.Қосалы.

Шынымен де, соңғы уақытта киберспортпен шұғылданушылар қатарының артып бара жатқандығы байқалады. Өйткені, смартфонда интернет ойындары бар.

● ФУТБОЛ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕ

Алматыда еліміздің VI Жазғы Паралимпиада ойындары басталды

11–30 мамыр аралығында өтетін жарысқа еліміздің 20 өңірінен, 10 спорт түрінен 1000-нан астам спортшы қатысады. Алматыда жарыстың 3 түрі – футбол, пара-жеңіл атлетика және гандболдан, Астанада пара-оқ ату, пара-пауэрлифтинг, пара-таэквондо, Ақтөбе қаласында пара-үстел теннисі, пара-жүзу, пара-дзюдо және волейболды отырып ойнаудан жарыстар өтеді.

Алматыда турнир Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының ұйымдастыруымен көру қабілеті төмен жандар арасында футболмен басталды.

«Футболмен айналысқаным 4-5 жыл болды. Оның алдында голболмен, жеңіл атлетикамен айналыстым. Соңғы 5 жылдың көлемінде жеткен жетістіктеріміз өте көп. Ресейде өткен чемпионатта 2-орын алсақ, былтыр Үндістанда өткен Азия чемпионатында бақ сынадық. Ал бүгінгі ойында 6 команда қатысады. Жарыс 3 күнге созылады», – дейді Ұлттық құрама шабуылдаушысы Бауыржан Әбілов.

Батыр ҚАДЫРБАЙҰЛЫ, Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының паралимпиада спорт түрлері бөлімінің басшысы:

– Футболға еліміздің 6 өңірінен спортшылар қатысты. Бұл жарыстың негізгі мақсаты – ұлттық құрамаға іріктеу. Нәтижесіне қарап, келесі жылға құрама команда жасақталады. Ал ол команда еліміздің атынан халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Паралимпиада ойындарының нәтижесі бойынша қазан айында Қытайда өтетін Пара-Азия ойындарына командаға спортшылар іріктеледі.



Жүгіру мектебінің қорытындысы бойынша спортшылар 13–17 мамыр аралығында қалада өтетін Қазақстан Республикасының VI Паралимпиада ойындарына қатысады.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● КОНКУРС

БАҚ АРАСЫНДА БАЙҚАУ ӨТЕДІ

«Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» тақырыбындағы үздік жарияланымдарға конкурс басталады

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі қалалық және республикалық БАҚ арасында «Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы» атты тақырыпта үздік жарияланымдарға конкурс басталғанын хабарлады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Конкурсқа 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін (қоса алғанда) номинациялар бойынша эфирге шыққан немесе БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде жарияланған жұмыстар қабылданады.

Өтінімдер мен жұмыстар осы жылғы 15 мамырдан бастап қабылдана бастайды. Өтінімдер мен жұмыстарды қабылдау 5 маусымда аяқталады.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі негізгі номинациялар:

- 1). «Алмалы қала» – Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сюжеттер циклі.
- 2). «Жұмыс және мереке күндері» – Алматы қаласының еңбекқор адамдары туралы баспа басылымындағы үздік материал.
- 3). «Айқара бет» – Қала өмірі туралы үлкен талдамалық материал (Алматы).

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қосымша номинациялар:

- 1). «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта БАҚ-тағы үздік жарияланым.
- 2). «Цифрлық Алматы» – мегаполистегі цифрландыру туралы сюжеттер, жарияланымдар, посттар, бейнероликтер.
- 3). «Нысана» – қаланың проблемалық мәселелері және оларды шешу жолдары туралы БАҚ-тағы жарияланымдар.
- 4). «Объективтегі қала» – Алматы қаласы туралы үздік фото жұмыс.
- 5). «Телеграм желісінде» – Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы телеграм-каналдағы үздік жарияланым.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (өтініш берушінің аты-жөні, БАҚ атауы, материалдың электрондық нұсқасы және материалға сілтемені (бір өтініш берушіден 3 материалдан артық емес), номинацияны, байланыс деректерін нақты көрсету) ағымдағы жылдың 5 маусымына дейінгі Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің электрондық мекенжайына жіберу қажет: info@rsk.almaty.kz «Конкурсқа қатысамын» деген жазба қалдыру керек. Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ЕРІКТІ БОЛУ – ІЗГІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Халықаралық волонтерлер форумына
қатысуға өтінім қабылдау басталды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Форумды Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, республикалық волонтерлер фронт-офисі, «Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ ұйымдастырып отыр.

Волонтерлер мен волонтерлік ұйымдар үшін ірі халықаралық іс-шараға айналған форумға 30-дан астам шетелден, сондай-ақ Қазақстан өңірлерінен бірқатар делегаттар қатысады деп жоспарлануда.

Форумның негізгі мақсаты – Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаевтың Волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық жылын өткізу жөніндегі БҰҰ сессиясында айтылған бастамасын ілгерілету.

Конкурсқа қатысуға белсенді волонтерлерді, волонтерлік жобалардың үйлестірушілерін, волонтерлік ұйымдардың, бастамашыл топтардың (18 жастан бастап) басшыларын шақырамыз.

Конкурс ережелерімен мына сілтеме арқылы танысып, өтініш беруге болады: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdS-l0D417M39RkT4B7eiFX8qHrllsZWlQV_pN75aEiwsuA/viewform?usp=sf_link

Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы 5–15 мамыр аралығында өтеді. Байқау қорытындысы 25 мамырдан кейін жарияланады.

Әр өңірден 4 жеңімпаз 20-21 маусымда Астана қаласында өтетін Халықаралық волонтерлер форумына шақырылады.

Толық ақпаратты республикалық фронт-офисінің Call орталығы (8 778 706 42 42) немесе frontoffice.kz@gmail.com электрондық мекенжайға жазу арқылы білуге болады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Көрнекті қоғам қайраткері, еліміздің жоғары мектебіне еңбегі сіңген ғалым, химия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ұзақ уақыт Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған Еренғайып Шайқұтдіновтің өмірінің соңғы жылдарында тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды.

АБЗАЛ АДАМ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Қоғам қайраткері, академик Еренғайып Шайқұтдіновті еске алуға арналған жиын өтті



Айнабай МӘДИ

Ардагер-ғалымның зайыбы, тума-туыстары, үзеңгілес әріптестері, шәкірттері жиылған салтанатты рәсімді ашқан Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының басшысы А.Есенбеков қоғам қайраткері, ғалым Еренғайып Мәлікұлының елімізге, ғылымға сіңірген ерен еңбегіне тоқталды.

«2000 жылдың ортан белінен Еренғайып Мәлікұлын жақсы білемін. Сол кезден бастап қалалық ардагерлер кеңесімен тығыз жұмыс істеп, көптеген басқосу өткіздік. Сол уақыттағы шаһар басшылары, олардың орынбасарлары ардагерлер кеңесінің жұмысын дамыту, олар көтерілген өзекті мәселелерді шешуге ерекше мән берді. Жұмсақ мінезді бұл кісі сондай талапшыл тұлға еді. Соның нәтижесінде талай игі шаралар аса жауапкершілікпен атқарылды. «Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді» дегендей, қайраткер ғалымның еселі еңбегі, габриелі өнегесі ұмытылмайды, – деді Айдар Есенбеков.

Алғашқылардың бірі боп сөз алған қаламыздың құрметті ардагері Хамит Біржанов

Еренғайып ағамыздың жерлесі әрі үзеңгілес әріптесі екенін, ол кісімен 18 жыл тізе қосып еңбек еткенін айрықша айты. «Ерекең – қадам жері қасиетті, сүйем жері сүйкімді кісі-мін», – деді Хамит Біржанұлы.

Сонымен бірге, ол ағамыздың қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтің өнегесінен тәлім алғанын, өзінің де бозбала шақтан қазақы қайсар мінезді болғанын атап өтті.

Еренғайып Мәлікұлы ғылыми жұмыстарынан соң, Алматыдағы 230 мыңдай ардагері бар үлкен ұйымды басқарды. Ерекең ізгілікті істі өзінің байсалды да бекзат мінезімен жүргізді десе болғандай. Е.Шайқұтдінов жарты ғасыр жастармен жұмыс істеп, оларды ізгілікке баулып, тәрбиелей білді. Ол кісінің жастарды адамгершілікке, мамандыққа, білімге, ілімге, білгірлікке үйретуде ерекше әдіс-тәсілі бар-тын. Қазақ мемлекеттік университетінен, политехникалық институттан шыққан қаншама шәкірті бар. 60-тан астам химия ғылымының кандидаты мен докторын дайындап шығарып, оларды қанаттандырды.

Рәсімнен соң жиылған қауым мейрамханада ардагер-ғалымды еске алу орайында арнайы жайылған дастарханнан дәм татты.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Жазушы, журналист Рахметолла Райымқұловтың құрметіне мемориалдық тақта қойылды

Алматыда қазақтың көрнекті жазушысы, журналист Рахметолла Райымқұловтың құрметіне орай ескерткіш-тақтаның ашылу рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Іс-шара Алматы қаласы әкімдігі мен мәслихатының мұрындық болуымен ұйымдастырылды. Белгілі қаламгерлер, қоғам қайраткерлері, әдебиет пен мәдениет саласының айтулы азаматтар қатысқан жиында жазушының отбасы, ұрпақтары, ағайын-туыстары сөз сөйлеп, көзін көрген кісілер естеліктер айтты.

Шараның мақсаты – жас ұрпаққа алдыңғы буын ағалардың істеген ерлік істерін, ұлты үшін жасаған толассыз еңбектерін насихаттау. Сондай-ақ, жастарға тәлім-тәрбие ретінде әдебиет саласының әрқашан адамзат үшін биік белесте тұратынын дәріптеу екендігі айтылды.

– Рахметолла ағамыздың аты өшпек емес. Қазіргі ұрпақтың жадында жазған туындыларын жаңғырту үшін бірқатар істер атқарылып жатыр. Конференция ұйымдастырылды. Оған қазаққа һәм алыс-жақынға мәшһүр тұлғалар келіп қатынасты. Ұлтының руханиятының кемелденуі үшін көптеген шаруа атқарған қаламгердің

өмір жолы көпке өнеге болып қала береді, – деді ақын Бауыржан Жақып.

Басқосуда Рахметолла Райымқұловтың өнегелі істері жайында ақын Бакыт Беделхан ой қозғап, жазушының атқарған игі істеріне тоқталды.

– Қаламгердің еңбегі – елге үлкен қазына. Ол өте жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға болған. Өмірі ұрпаққа – өнеге, ғұмыры – габриел, тағдыры – тағылым болсын! – деді ол.

Жиынның түйін сөзін жылы лебізбен ұрпақтары түйіндеді.

– Мен кішкентай кезімнен әкемнің қасында болдым, әкелік махаббатын сезініп өстім. Бала күнім Жазушылар одағында өтті. Әріптестерінің әкеме деген құрметін көрдім. Алдағы уақытта түрік тіліне және өзге де тілдерге туындылары аударылады. 2 томдық шығармалар жинағы жарық көреді. Ескерткіш-тақтаның ашылуына тікелей Алматы әкімдігі қолдау білдірді. Мұның алдыңғы уақытта ашуды көздегенбіз. Бірақ пандемия басталды. Орайлы сәт осы кезге түсті. Сондықтан қолдап, қуаттаған жан-дарға алғысымыз шексіз, – деді Р.Райымқұловтың қызы Ақтоты Райымқұлова.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Бір танысымыздың қызының сыныптасы 13-ке толып, туған күн иесінің ата-анасы мектеп алдына аниматор жалдапты. Яғни білім ошағының ауласына әлгі баланы құттықтауға тосын сый боп дәу қуыршақ келген ғой бүкіл баланың көзінше. Бұл неткен даңғойлық?!



Нұржамал ӘЛШЕВА

Өзін қуыршақ келіп құттықтаған қыздың анасы сол мектепте мұғалім дейді. Бұл қаншалықты дұрыс?

Әлеуметтік желіден көрген боларсыздар, бір телебағдарламаға мейман болып келген белгілі жас әнші, «Көзің әдемі, сөзің әдемі. Анамнан кейін өзің әдемі» деп ән салатын жігіт Еркеш Хасеннің балалық шағын еске алған әңгімесінен үзінді тарады. Әнші ата-анасыз, әжесінің бауырында өскен екен. «Тамыз айында туғанымға қуанушы едім бала күнімде. Ол кез жазғы демалыс уақыты ғой. Бастауыш сыныптарда ата-аналар баласының туған күніне төрт әкеп жатқанда, іштей қызығып, «ал менің туған күніме осылай кім келер еді, сабақ уақытында тумағаным қандай жақсы болған» деп жабырқап қалатынымын» деп, жанарына толып кеткен жасын жасыра алмаған-ды. Айналайын-ай! Демек, жүрегіне көлеңкесін түсірген бұл сәттер бала жүрегінде мәңгілікке қалып қойған. Бәрімізді жылатқан сонда!

Ал бүгін біз айтып отырған, мектеп алдына шоу жасап келген қызылды-жасылды аниматор-қуыршақты көріп, тағы қанша өреннің жүрегі аунап түсті екен?! Бүгінде әкесі не анасы жоқ, жартылай жетім, жарым көңіл балалар қаншама аразамызда!

Осы тақырыпты Facebook парақшамызда қозғаған болатынбыз. Оқырмандар пікірі төмендегідей өрбіді.

Перизат АСЫЛЖАН:

– Қатты қажетсіңсе, үйіне шақырсын! Осыныша ақымақ болар ма едік?! Сол мұғалім оқушы алдында адамгершілік, мейірім туралы айтады-ау сосын!

АНИМАТОР ЖАЛДАУ қаншалықты дұрыс?



Индира ӨТЕМІС:

– Абай айтқан «бес дұшпанның ішіндегі мақтанишақтық пен бекер мал шаиу» осы.

Сайран САЙЛАУ:

– Онда тұрған не бар, бұл – әркімнің жеке таңдауы. Баласын достарының алдында қуантып, мерейін өсіргісі келген болар.

Асылзада СИСЕНОВА:

– Әрине, білімді жандар үшін дұрыс емес. Қоғамның ұрпағын тәрбиелеп отырған жандар болса. Ұлттық педагогика, этика қайда?

Гүлсара ЕРКЕБАЙҚЫЗЫ:

– Қалтаң көтеріп тұрса, баланы қуантқанның несі айып?! Түрлі той-қуаныштарға аниматор жалдау таңсық емес бүгінде. Әркім өзі біледі.

Ақайша ЖАППАСБАЕВА:

– Қазір жәрттың бәрі, әйтеуір, әуре-сарсаң. Жасандылық көп. Үйде жақындарымен атап өтуге болады ғой.

Жақында келінім босанып, қалада болдым. Перзентхана алдын көрсеңіз, даңғазашу, бейне би алаңы дерсіз. Мақтангершілік, даңғойлық! Бір-ақ рет берілетін қызыл-жасылды өмір ғой бұл десек те, ойланайықшы...

Арсен САТЫБАЙ:

– Дұрыс айтасыз. Бір перзентхананың алдында баланы шығарып алу үшін келген сүліктей қара алты «Гелендваген» тұрғанын көрдік. Ал перзентханада баласы шетінен жатқан аналар немесе ювезде жан сақтап жатқан нәрестелер жатқанын ойламаймыз... Біреуге қуаныш, біреуге қайғы, сондай заман болды, қайтейін...

Еңлік БАУЫРЖАН:

– Мен бір жылдары дәл солай перзентхана терезесінен әр сәбидің анасымен үйіне қайтып бара жатқанын көріп жүрегім қан жылап тұрған едім...

Гүлнұр СОВЕТХАНҚЫЗЫ:

– Күні кеше балабақшадағы баламның топтасына анасы сондай тосын сый жасады, яғни балабақшаға қуыршақтар апарыпты. Балам кешке келіп «менің де туған күніме солай істе» деп айтар ма екен деп едім, жоқ, күнделікті нәрсе сияқты айта салды. Бала да болса салқынқанды қабылдай білгеніне қуандым.

Сайын ҚАРЖАУБАЙ:

– Жасырып қайтеміз, даңғойлық пен мақтанишақтық қанымызға сіңген жаман әдетке айналып барады. Өкінішке қарай, кейінгі кездері бұл ауруды тым асқындырып алдық.

